

ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС  
ТАЪЛИМ ВАЗИРЛИГИ

НИЗОМИЙ НОМИДАГИ ТОШКЕНТ ДАВЛАТ  
ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ

Ўзбек тили ва адабиёти факультети

“Ҳимояга рухсат этилсин”

Факультет декани

\_\_\_\_\_ ф.ф.н., доц. И.М. Азимов  
“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2012 йил

5111300 – “Қозоқ тили ва адабиёти” бакалавр йўналиши бўйича кундузги  
бўлим IV курс 401 кз -гуруҳ талабаси **Едилова Гулбахорнинг “Орта  
мектепте қазақ тилиндегі етістікті оқыту мәселелері”** мавзусида ёзилган

**БИТИРУВ МАЛАКАВИЙ ИШИ**

**Илмий раҳбар**

1. \_\_\_\_\_ п.ф.н., доц. Н.Сиздикбаев

**Тақризчилар:**

1. “Ўзбек тилшунослиги”

кафедраси мудири ф.ф.н., доцент  
.....М.Сапарниязова

2. \_\_\_\_\_ А.Уйсунбаева

Тошкент вилояти, Ўрта Чирчик  
Туманидаги № 46 мактаб ўқитувчиси

**“Ҳимояга тавсия этилсин”**

Қозоқ тили ва адабиёти  
кафедраси мудири,  
п.ф.н., доц. Е. Абдувалитов  
“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2012йил.

ТОШКЕНТ-2012

## **МАЗМҰНЫ:**

***Кіріспе.....***

***I тарау.*** Қазақ тілі грамматикасы және етістіктің зерттелу жолдары

1.1. Грамматикалық ұғымдар туралы жалпы түсінік

1.2. Қазақ тіліндегі етістік және оның зерттелу.

***II тарау .*** Орта мектепте қазақ тіліндегі етістікті оқыту мәселелері

2.1. Етістіктің лексика-семантикалық сипаты

2.2. Етістіктің грамматикалық категориялары.

***III тарау.*** Орта мектепте етістікті жаңа педтехнология негізінде оқыту

**Презентация**

***IV. Қорытынды***

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.***

## **Біліктілік бітіру жұмысының жалпы сипаттамасы**

**Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбының өзектілігі:** Өзбекстан Республикасының Президенті И.А.Каримов: *“...Миллий зоя деганда, аждодлардан авлодларга ўтиб, асрлар давомида эъозлаб келинаётган, шу юртда яшаётган ҳар бир инсон ва бутун халқнинг қалбида чуқур илдиз отиб, унинг маънавий эҳтиёжи ва ҳаёт талабига айланиб кетган, таъбир жоиз бўлса, ҳар қайси миллатнинг энг эзгу орзу-интилиши ва умид-мақсадларини ўзимизга тасаввур қиладиган бўлсак, ўйлайманки, бундай кенг маъноли тушунчанинг мазмун-моҳиятини ифода қилган бўламиз<sup>1</sup>”* дей келе, өз ойын ары қарай жалғастыра отырып, *«...Біз жұртымызда жаңа ұрпақ, жаңа санага ие болған ой иелерін тәрбиелейтін жауапты қызметті орындауда, алдымен, сол қиыннан-қиын кәсіп иелеріне сүйенеміз де және таянамыз да. Ертең орнымызды иелейтін жастардың рухани дүниесін қалыптастыруда олардың қызметі өте құнды екенін көз алдымызга келтіреміз ”<sup>2</sup>,* - деп айтқан болатын. Бұл айтылған пікірлердің тікелей кейінгі ұрпақты, яғни Өзбекстанның келешегін құрайтын жастарды тәрбиелейтін ұстаздарға тиісті екендігі көрініп тұр. Олар жастарды, кейінгі бүлдіршіндерді тәрбиелейді.

Сондықтан да біз жастар, ғылым жолында көп ізденіп, келешекте ел үшін аянбай еңбек етуіміз, ұрпақты саналы тәрбиелеуге бел байлайтын оқытушы-ұстаз болып қалыптасуымыз керек. Ол үшін ғылыммен айналысып, талай шығармашылық еңбектер жазып, мемлекетіміздің дамуына өз үлестерімізді қосамыз.

Грамматиканың етістік деп аталатын сөз табы нені үйретеді? деген сұрақ барлығын ойландыруы хақ. Бұл сұраққа төмендегіше жауап беруді жөн көрдік: заттың қимылы мен амалын, жай-күйін білдіретін сөздердің тобын етістік деп атайды. Етістік заттың ісін, қимылын білдіріп, не істеді?, не қылды? деген сұрақтарға жауап береді.

---

<sup>1</sup> И.Каримов. Юксак маънавият енгилмас куч. Тошкент. “Маънавият”, 2009. –Б. 71.

<sup>2</sup> Сол автор. Сол еңбек. –Б. 130.

Етістіктер басқа сөз таптарынан мағыналық жақтан ғана емес, морфологиялық жақтан да және синтаксистік қызметінмен де ерекшеленеді. Етістіктер – басқа сөз таптарының морфологиялық формасы жағынан карама-қарсы ерекшеленетін сөз табы.

Етістіктер болмаса, ой да, сөйлем де аяқталмай қалады. Зат бар екен ол әрдайым қимыл іс-әрекетте болады. Сондықтан та етістік сөз таптарының ішіндегі ең қарымдысы әрі ең негізгісі болып саналады.

**Біліктілік бітіру жұмысының мақсаты мен міндеттері:** Мектеп оқушыларына білім мен дағды беруде қазақ тілін оқыту формаларының, әдіс-тәсілдерінің мәні үлкен. Сабақ оқу ісін ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады. Мұғалімнің жүргізетін жұмыстары сабақ бойынша алып барылады. Сабақ процесінде оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды берумен бірге дидактикалық мысалдар арқылы да тәрбие беруді ұмытуға болмайды. Сондықтан да мұғалым оқушылардың барлығына қазақ тілі материалдарын толық меңгертуі, қажетті білік, дағдыларды игертуі, сабақтың дамытуыны және тәрбиелік қызметін іске асыруы тиіс. Оқушылардың белсенділігін арттыруда, олардың өз бетінше орындау жұмыстарын ұйымдастырып, іздеу, зерттеу іскерлігін дамытып отырған дұрыс. Осындай талаптарға сәйкес көптеген ғылыми еңбектерге сүйене отырып, орта мектептерге қазақ тілі сабақтарында етістікті оқытудың жағдайы, оны оқыту барысында тиімді әдістер мен тәсілдерді анықтау, жаттығулар мен текстердің түрін, жалпы айтқанда, оқыту жүйесін белгілеу бітіру мамандық жұмысының **негізгі мақсаты** деп белгіледік.

**Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбының зерттелуі:** Қазақ тілі грамматикалық құрылысының ана тілімізде зерттеліп жарық көруі ғасырымыздың алғашқы 10-15 жылдарынан басталады. Оның бастауы – 1914 жылы «Тіл құралы» деген атпен Орынборда жарық көрген Ахмет Байтұрсынов жазған оқулық. Осы еңбегінде автор қазақ тіліндегі сөздердің құрылысын «Сөз тұлғасы» деп атап, бес түрге бөледі. Олар: *түбір сөз*,

*туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар* деп аталған да, әрқайсысы жеке-жеке талданып түсіндірілген.

Сөздерді тапқа бөлу де осы оқу құралынан басталады. Оқулық авторы сөздерді алдымен *атауыш сөздер, шылау сөздер, одағайлар* деп үш топқа бөледі де, бұлардың біріншісіне *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті*: екіншісіне *үстеу, демеу, жалғаулық* деп аталатындарды жатқызады, одағайды өз ішінен *еліктеуіш, лептеуіш одағайлары* деп екіге бөледі. Осы еңбегінде айтылған пікірлерін «Тіл құралының» 1924 жылғы басылымында кеңейте, дәлелдей түседі.

Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі - қазақ тілі морфологиясын ана тілімізде сөз еткен алғашқы зерттеу. Соған қарамастан грамматикамыздың көптеген түйінді мәселелері туралы айтқан пікірлері күні бүгінге дейін өз мәндерін берік сақтап, қазіргі зерттеулермен үндесіп жатыр. Ахмет еңбегінің құндылығы да сол төл басы болуында болса керек.

Ахмет Байтұрсыновтың *бір жылдық, екі жылдық, үш жылдық* деп бөліне аталған «Тіл құралында» қазақ тілінде негіз қаланған ана тіліміздің морфологиясы 30-жылдар ішінен бастап 60-жылдарға дейін, біріне-бірі жалғастырыла үздіксіз жүргізіліп келген Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, А.Қалыбаева тағы басқа ғалымдардың зерттеулері арқасында өз шешімін тапты.

Түркі тілдері грамматикалық құрылысына қатысты күрделі екінші сала - синтаксис мәселелері. Морфология сияқты синтаксис мәселелері де ХІХ ғасырдан бері қарай жарық көрген практикалық грамматикаларда сөз болып отырды. Бірақ еңбек авторларының көңіл аударуға негізгі мәселелері – түркі тілінде сөйлемді қалай құруға болады, сөйлем құрамына енетін сөздердің орналасу тәртібі қандай, қай сөз табы қандай синтаксистік қызмет атқарады.

Қазақ тілі білімінің басқа да салалары сияқты оның синтаксистік құрылысының да ана тілімізде баяндалуы Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда аталған «Тіл құралдарынан» басталады. Бұл автордың синтаксиске қатысты пікірлері сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз категорияларының бір-бірінен

өзгешеліктерін түсіндіруден басталады. Сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштарды жатқызып, пысықтауышты өз ішінен мезгіл, мекен, сын, себеп, мақсат пысықтауыштар деп бөлу де айтылады.

Біліктілік бітіру жұмысында осы аталған мәселелердің барлығы талданып, теориялық мәліметтер беріледі.

Сонымен, біз жоғарыдағы зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып осы аталған кішкентай ғана ғылыми жұмысымызды амалға асырдық.

**Зерттеу әдісі:** Осы біліктілік бітіру жұмысында салыстырмалы-тарихи, ақыл шабуылы, жорға ойыны, сұрақ-жауап сияқты әдістерден пайдаланып, түркі тілдеріндегі етістікті жүйелі түрде талданған.

**Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбының таңдалуы мен талқылануы.** Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің өзбек тілі және әдебиеті факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және оны оқыту әдістемесі» кафедрасында ұсынылған, сонымен бірге сол кафедрада сынақтан өткен және ашық қорғауға ұсынылған.

**Біліктілік бітіру жұмысының құрылысы мен көлемі:** Біліктілік бітіру жұмысын талданған материалдардың бағыт-бағдары негізінде төмендегіше сипаттауға болады: жұмыстың жалпы сипаттамасы, үш негізгі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Жұмыстың жалпы көлемі *бетті* құрайды.

## КІРІСПЕ

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып, тігінен ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан, қазіргі күнде барлық мектептердің бүгінгі жайы, даму бағыттары, келешегінің көкжиектері бүкіл қоғамның мемлекеттің назарында Президент И.А. Каримовтың «Бізге бітірушілер емес, мектеп тәлім мен тәрбиесін көрген тұлғалар керек»<sup>3</sup> деген пікірі жоғарыда айтқан сөзімнің дәлелі.

XXI ғасырда Өзбекстан Республикасының әлемдегі өркениет пен ғаламдану процесінде мәдениетті игеру барлық ғылым салаларына қатысты педагог мамандарды сапалы дайындау ісімен тығыз байланысты екенін қоғамдық өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Педагогтың білімі мен мәдениеті, әсемпаздығы мен шеберлігі, біліктілігі мен беделдігі – жаңа ұрпақты тәрбиелеудің басты көзі және арнасы болып табылды.

Сондықтан болашақ ұрпақ ғылым мен білімнің тұтқасын ұстап отырған ғалымдар мен ұстаздарға ерекше жауапкершілік артады. Жаңа XXI техника ғасырында біз жан – жақты терең білімді, рухани – моралдық тұрғыда дамыған ұрпақтардың тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек. «Білім туралы заң», «Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы», жаңа жоғары (Низам) сияқты барлық реформалар, міне осындай қажеттіліктен туған жаңалықтар.

Бірыңғай ескі сарын, біркелкі әдіспен білім берудің бүгінгі ұрпақтың талабына сай болмауы оларды жалықтыруы да мүмкін. Енді мүмкіндігінше оқу – тәрбие істерін жаңа сипатта, жаңа заманның, жаңа технологияның жетістіктерімен байланыстыра отырып, жастарды өздігінен ізденуге баули отырып, олардың белсенділігі мен сабаққа қызығуын арттыру мақсатында жүргізуге тура келеді.

Мақсат – жаңа заман ұрпағын еркін және мейлінше жаңаша ой жүргізіп, мұғаліммен тең дәрежеде еркін пікірлей алатын дәрежеге жеткізу.

Бүгінгі таң талаптарының бірі – қоғамға, саналы, жан-жақты дамыған азаматтарды тәрбиелеу болып табылады. Қазіргі орта мектептерде өзгерістің

---

<sup>3</sup> И.А.Каримов. Баркамол авлод орзуси.Тошкент 1999.

тереңдігімен білімді де тәрбиені де қайта қарап, жаңа жоспарлар түзілуде. Қазіргі кезде оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру техникамен жарақаттану, оқу - тәрбие процесін басқару педагог даярлау сияқты маңызды бағыттарды ілгерілетуді жолға қойып отыр. Заман мұғалімдерге жоғары талаптар қояды. Білім берудің бүкіл жүйесін қайта құрудағы басты тұлға – мұғалім солай екен, оқушылардың білім жүйесін сапалық жаңа деңгейін көтеру ұстаздан ыждағаттылықты талап етеді. Оқудың тиімділігін арттырып, жастарды дербес өмір сүруге, еңбекке даярлау үшін заман қазір мұғалімнен шығармашылық негіздерді нығайтуды, оқушыларға білімді игертуде бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып барлық әдіс-тәсілдермен үйретіліп отырғанда ғана сапалы білім, саналы тәрбие беру жүзеге асады.

Орта мектепте оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды берудің мәні үлкен. Тіліміздегі етістікті, оның жасалу жолдарын, түрлерін, өзіндік ерекшеліктерін, оның атқаратын қызметтері тағы сол сияқты қасиеттерін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыруды және де жаңа педагогикалық технологиядан пайдаланудың орны ерекше. Солай екен, етістіктің өзіндік сипатын, ерекшеліктерін мектеп оқушыларына игертудің маңызы орасан зор. Бітіру мамандық жұмысының негізгі мақсаты орта мектепте, етістікті оқыту мәселелеріне қаратылған болып, ол төмендегідей міндеттерді белгілейді.

1. Етістікті тиісті болған ғылыми еңбектерді оқып үйреніп талдау.
2. Етістікті мектепте оқыту мәселелеріне және онда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануға, оларды сабақта тиімді өтуге әрдайым қолдануға тиісті әдістемелік-әдебиеттерді оқу талдау практикада қолдану.
3. Жаңа педагогикалық технологияға негізделген әдіс-тәсілдерді мектепте оқыту барысында тәжірибеде көріп шығу, оның тиімділігін анықтау. Жұмыста сипаттамалы байқау методтарына пайдаланылған Бітіру біліктілік жұмысында «Кіріспе», 3 тарау, «Қорытынды» соңынан пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген..

Кіріспеде тақырыптың актуалдығы анықталып, мақсат-міндеттерді белгілейді. Бітіру мамандық жұмысының бірінші тарауында қазақ тілі грамматикасы және етістіктің шығу арналары сөз болады.

Онда:

1. Грамматикалық ұғымдар туралы жалпы түсінік
2. Қазақ тіліндегі етістік және оның зерттелуі

Жұмыстың екінші тарауында етістіктің морфологиялық сипаты және жасалу жолдары сөз болады.

Онда:

1. Етістіктің морфологиялық сипаты және жасалу жолдары
2. Етістіктің грамматикалық категориялары.

Жұмыстың үшінші тарауында бір сабақ үлгілері мен презентация сөз болады.

«Қорытынды» бөлімде ой – пікірлер тұжырымдалып, қорытынды ұсыныс, пікірлер берілген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімінде жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетіледі.

Бітіру мамандық жұмысын орта мектептерде мектеп мұғалімдері етістікті оқытуда теориялық және практикалық дағды беру барысында пайдалануға болады.

Елдің елдігін көрсетіп, мемлекеттің мерейін өсіретін, халықты мұратына жеткізіп, қажеттілігін қанағаттандыратын - жан-жақты жетілген, парасаты мен пайымы мол, асқақ рухты, туған елі мен Отанын сүйетін ұлтжанды әрі үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеу заман талабы.

Мұндай азаматты тәрбиелеуге жетудің кепілі – заман талабына сай, таным қажеттілігін қанағаттандыратын, еліміздің ұлттық идеологиясы негізіне сәйкес келетін, жоғары сапалы әрі ыңғайлы оқу қолданбаларын шығару.

Қазіргі қазақ тілі курсы - тіл және әдебиет мамандарын дайындау үшін оқытылатын лингвистикалық пәндердің негізгі салаларынан саналады.

Бүгінгі күні жалпы халық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің лексикалық жүйесін ғылыми теориялық негізде танытуды міндет етеді. Грамматиканың морфология саласы – етістік және оның лексика-семантикалық жолдары, етістіктің морфологиялық сипаты, етістіктің грамматикалық топтарын толық қамтиды.

Сөз құрамы оның ерекшелігі, студенттерге де өз сөздік қорларын байыту жолдары жайлы мәлімет беріледі. Сонымен қатар, грамматика саласында студенттерге сөз табының етістігі, көмекші етістіктер мен аналитикалық форманттар, етістіктің түрлері, қолдану аясы, негізгі мағынасы мен олардың маңызы, етістіктің тіл біліміндегі орны туралы мәліметтер беріледі.

Бұл салада қазақ тіл білімі мамандары елеулі еңбектер жасаған. Жалпы тіл білімінің мамандарынан А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, К.Аханов және Ә.Хасеновтар қазақ тілі грамматикасын әрі туыс болған, әрі туыс емес тілдердің грамматикасымен салыстыра зерттеген болса, А.Ысқақов, М.Балақаев, М.Оразов, С.Исаев Ш.Бектұров сияқты ғалымдар өз еңбектерінде қазақ тілінің негізгі салаларынан бірі болған етістік жайлы ой-пікірлерін көрсетіп өткен.

**Сөз** дегеніміз — қыры мен сыры мол, күрделі тілдік категория. Сөздің мағыналық, дыбыстық, шығу төркіні, даму тарихы, қолдану ерекшелігі, жасалу жолы, өзгерілу жүйесі және басқа алуан түрлі жақтары бар.

Тіл ғылымының әр саласы сөзді әрқилы тұрғыдан қарап тексереді. Мысалы, сөздің дыбыстық жағының сыр-сипатын оның белгілі бір дыбыстық комплекс арқылы құлаққа естілетінімен байланысты. *Дыбыстық комплекс* дегеніміз — *сөздің сыртқы дыбыстық жамылышы*. Бір тілде сөйлейтін адамдардың бәрі де белгілі бір ұғымды, белгілі бір дыбыстық жамылыш арқылы айтып, сол дыбыстық жамылыш арқылы естіп, сол арқылы сөз түрін де қабылдайды. Екінші сөзбен айтқанда, дыбыстық жамылыш белгілі бір ұғымның аты я атауы (сөз) ретінде қызмет атқарады.

Дыбыстық комплекс, біріншіден, бір тұтас комплекстік тұлға болса, екіншіден жеке-жеке дыбыстарға бөлшектенетін немесе, керісінше, жеке-жеке дыбыстардан құрылатын тұлға (единица).

Сөздің осындай дыбыстық жақтарымен байланысты мәселелерін зерттеу — тіл білімінің **фонетика** тарауының міндеті.

**Белгілі бір ұғымның атауы (белгісі я таңбасы) ретінде қолданылатын дыбыстық комплексті сөз дейміз.**

Адам өзара сөйлескенде жеке лексикалық сөз арқылы білдіруге болмайтын неше алуан мағыналардың бәрін де грамматикалық амал-тәсілдердің көмегі арқылы ғана түсінікті етіп айта алады. Ендеше, грамматикалық тәсілдер де лексикалық тәсілдермен қоса-қабат қолданылатын аса қажетті тәсілдер болып саналады.

Әрбір тілдің өзіне тән грамматикалық амал-тәсілдерінің жиынтығы тілдің **грамматикалық құрылысы** деп аталады.

Грамматикалық құрылыс **сөзге** сүйенеді және **сөз арқылы** ғана көрініп отырады; **сөзді** таяныш етпейтін бірде-бір грамматикалық құрылыс болмайды.

Тілдің грамматикалық құрылысын тануда да, оның негізгі мәселелерін анықтауда да әрі таяныш, әрі нысана тұтатын негізгі грамматикалық ұғымдар бар. Бұл ұғымдарды ажыратпайынша тілдің грамматикалық құрылысының сыр-сипатын түсіну де, анықтау да қиын болады.

Грамматикалық құрылысқа қатысы бар негізгі ұғымдар мыналар: **грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория.**

Тілдегі әрбір сөздің өзіне тән нақтылы лексикалық мағынасы мен жалпы грамматикалық мағынасы оның тұлға-түрпатына байланысты (мысалы: *су, сушы, сусын, суат, сугар т.б.*). Солай бола тұрса да, ол мағыналар сөз бен сөздің, сөздер мен сөздердің ара қатынастарынан жақсы аңғарылады. Мысалы, *Той болса, тон киелік, жүр, баралық! Бірімізді біріміз аударалық* (Абай) деген сөйлемдердегі *киелік, баралық, аударалық* деген сөздердің

әрқайсысының өздеріне тән нақтылы лексикалық мағынасы бар. Олар — *киіну, бару, аудару* әрекеттерін білдіреді. Сонымен қатар, олардың сол лексикалық мағыналарымен жарыса жүретін, үшеуінің де бойынан табылатын — ортақ жалпы мағыналары бар. Ол мағыналар мыналар: біріншіден, бұл етістіктердің үшеуі де алдағы уақытта істелінбекші әрекетті білдіреді; екіншіден, үшеуіне де тыңдаушылар (*оқушылар*) іске жұмылуға шақырылып тұр; үшіншіден, сөйлеуші (*автор*) өзін де, өзгелерді де (тыңдаушыларды) бірұдай бірінші жаққа топтап, «*бәріміз (біз) киелік, баралық, аударалық*» деп тұтас қамти айтып отыр; төртіншіден, ол әрекетті істеу көп адамға арналып (мысалы, *біз баралық* көптік мағынада) айтылып тұр, бесіншіден, осы шақыру есім сөздер (*зат есім, сын есім, сан есім, есімдік* т.б.) арқылы емес, етістіктер арқылы айтылып тұр; алтыншыдан, ол етістіктерде сабақтылық, салттық ұғымдарымен байланысты грамматикалық мағыналар бар; жетіншіден, бұл сөздер осы сөйлемдерде баяндауыш болып қызмет атқарып тұр т.б.

Бұл аталған жалпы грамматикалық мағыналар сол тұлғада жұмсалатын етістіктердің барлығында да болады. Мысалы, *Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!* (Ы.Алтынсарин) деген сөйлемдердегі *оқылық, тоқылық* дегендерде де, сондай-ақ, *келелік, тыңдалық, отыралық, жазалық, сөйлелік* деген сияқты сөздер де бар.

*Қалтаң бүтін болса, ақшаң түгіл шақшаң да түсіп қалмайды* (Ғ. Мүсірепов) деген сөйлемдердегі *қалтаң, ақшаң, шақшаң* деген үш сөздің нақтылы лексикалық мағыналарымен (*қалта, ақша, шақша*) қатар, грамматикалары бар: бұл үш сөздің үшеуі де заттың атын білдіреді, демек, грамматика тілімен айтқанда, зат есімдер. Сонымен қатар, осы есімдер арқылы аталатын заттар (*қалта, ақша, шақша*) екінші жақтағы (тараптағы) адамға меншікті я телулі екені аңғарылады, үшеуі де сөйлемде бастауыш болып тұр. Міне, осы аталған мағыналар грамматикалық мағыналар болады.

Сонымен, сөздің *нақтылы лексикалық мағынасымен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін я сөйлемдегі басқа*

*сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынасын грамматикалық мағына дейміз.*

Грамматикалық мағына сөздің түрленуі арқылы да, сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынастары арқылы да айтылады. Бірнеше мысал келтірейік:

***Бетім** барда, **бетіме** кім шыдар деп, **Кімі** паңдау келеді, **кімі** тантық?* (Абай) деген сөйлемдердегі *бетім* және *бетіме*, *кім* және *кімі* сөздері өзара түбірлес; олардың тұлғаларында ұқсастық та, айырмашылық та бар. Өйткені *бетім* және *бетіме*, *кім* және *кімі* сөздерінің грамматикалық мағыналарында да, грамматикалық формаларында да ерекшеліктер бар.

*Қонақ бір күн қонса — құт, екі күн қонса — жұт* (мақал). *Ауылдың салтында ауылға жақындаған жолаушының ақырын жүретін әдеті бар ғой* (С.Мұқанов). *Тентек ояз әмірінен астамырық әділет, ар әмірі де бар* (М.Әуезов). *Өкпелерің орынды, жігіттер, ескі көшке ермей қалып, жаңа көшті бастай алмай, әрі-сәріге салғаным рас* (Ғ.Мүсірепов) деген сөйлемдерді *қонақ* және *қонса*, *ауылдың* және *ауылға*, *әмірінен* және *әмірі*, *көшке* және *көшті* сөздерінің өзара негіздері бір болғанымен, қосымшалары да, грамматикалық мағыналары да бір-бірінен басқа-басқа. Сөйтіп, бұл мысалдардың барлығында грамматикалық мағыналар бір сөздің әр түрлі грамматикалық формалары (морфологиялық түрлері) арқылы айтылып тұр.

Қазақ тілінде грамматикалық мағына тудыратын сөздердің бір тобы *өте*, *тым*, *аса*, *нағыз*, *нақ*, *дәл* т.б. сияқты күшейткіш сөздер. Мысалы: *өте жақсы*, *тым жұпыны*, *аса қадірлі*, *дәл өзі* деген сөз тіркестерінде *өте*, *аса*, *тым*, *дәл* деген сөздер *жақсы*, *жұпыны*, *қадірлі*, *өзі* дегендердің мәнін күшейте түсетін грамматикалық мағына үстеп тұр. Дәл осындай мағынаны *сап-сары*, *қып-қызыл*, *қап-қара* дегендей, *сап*, *қып*, *қап* сияқты күшейткіш буындар ақылы беруге болады. Бірақ мұндайда көмекші сөз жетекші сөздің алдында айтылады.

Грамматикалық мағына негізгі сөздерге шылау сөздердің селбесуі арқылы да туады. Мысалы: *Құрымбайдың ол не үшін келгенін де сезді*

(Б.Майлин); *Олар шеше алмаған мәселені шешу сіз үшін өте қиын* (Ә.Әбішев) деген сөйлемдердегі *үшін* шылауы өздерінен бұрынғы сөздерге (*не, сіз*) қосымша грамматикалық мағына үстеп, оларды кейінгі сөздерге жалғастыруға дәнекер болып тұр. Бұдан *үшін* шылауының мағынасы дәлме-дәл болмағанымен, барыс септіктің мағынасына жақын екенін байқауға болады.

*Кәсіп іздеген қайықшылар ол діңгектегі жұмыртқаны қайық-қайық қып тасып шығарса да, тауыса алмайды* (С.Мұқанов) деген сөйлемдегі *қайықшылар* және *қайық-қайық* сөздерінің бастапқы түбірі де, нақтылы лексикалық мағынасы да бар, бірақ сол сөздердің формалары мен грамматикалық мағыналары өзгеше. Ең алдымен, *қайықшылар* деген сөзге жалғанған – **шы** қосымшасы мен соңғы – **лар** қосымшасын сөз етпей-ақ, екі рет қайталанған *қайық-қайық* деген түрін алсақ, сол түбір *әлденеше қайықпен* (*я көп қайықпен*) әлденеше рет тасып шығару дегендегі мағынамен пара-пар мағынаны білдіреді. *Сауыншылар шелек-шелек сүтті қолдасып әкеле жатыр* (Ғ.Мүсірепов); *Адам дегеннің жүрегі тарау-тарау, еспе-еспе, бабы көп* (Ғ.Сланов) деген сөйлемдердегі *шелек-шелек, төбе-төбе, тарау-тарау, еспе-еспе* деген қосарланған сөздердің мағыналары мен формалары да жоғарыда айтылғандай.

Сөйтіп, сөзді қайталап (қосарлап) қолдану тәсілі де тиісті грамматикалық мағыналардың сыртқы грамматикалық формасы ретінде жұмсалады.

Өзіне тән нақтылы лексикалық та, дербес грамматикалық та мағынасы бар бір алуан сөздер белгілі бір тіркестерде негізгі сөзге тек қана грамматикалық мағына жамайтын дәнекер сөздер ретінде жұмсалады. Мысалы: *Көңілге шек-шүбәлі ой алмаймын, Сонда да оны ойлап қоя алмаймын, Ақылдың жетпегені арман емес, Құмарсыз құр мүгілуге тоя алмаймын* (Абай) сөйлемдеріндегі алғашқы *алмаймын* деген сөздің *ойлап қоя алмаймын, мүгілуге тоя алмаймын* дегендердегі *алмаймын* дегеннен сыртқы тұлға жағынан, демек, түбірі мен қосымшалары жағынан, ешқандай

да айырмасы жоқ. Бірақ *ой алмаймын* деген тіркестегі *алмаймын* сөзі өзінің бастапқы лексикалық мағынасын да, грамматикалық дербестігін де толық сақтап тұрса (*көңілге шүбәлі ой алма*), соңғы тіркестегі *алмаймын* сөзінің бастапқы лексикалық мағынасы солғындап кеткен. Грамматикалық абстракцияның нәтижесінде бұл сөзге әуелгі мағынадан айрылып, өзінен бұрынғы етістік арқылы айтылатын істің жүзеге асуға мүмкіншілігі барлығын я жоқтығын білдіретіндей ғана көмекшілік қызмет атқару дәрежесіне көшкен. *Қалада да, далада да осының лаңынан құтыла алмай қойдым.* (Ғ.Мұстафин) деген сөйлемдегі *қой* және *ал* етістіктерінің мағыналары мен қызметтерін салыстырып көрелік.

Сөйтіп, етістіктердің бір-бірімен селбесіп тіркесулерінен құрылатын күрделі және аналитикалық етістіктердің мағыналары да грамматикалық мағына тудырудың белгілі бір саласы делініп танылып, көмекші етістіктер сол грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалар ретінде қаралады.

*Алдарындағы қабақта киіз үй, тас үйлердің, кең қоралардың төңірегін алып, көктемнің көк берен теңізіне еркін жүзген ақтылы қойлар жатыр* (Ғ.Сланов) дегендегі *киіз үй, тас үй* деген әрбір екі сөздің тіркесі арқылы да грамматикалық мағыналар беріліп тұр. Өйткені бұл тіркестерде екі зат есім, ешбір қосымша формаларсыз-ақ, бір-бірімен тіркесіп, үйлердің қандай (не нәрседен жасалған) екенін білдіріп тұр. Ондай тіркес әр түрлі үш я төрт зат есімнен де құрала береді. Мысалы, *Ол адал бақанға түйе жүк шекпені мен қамшысын іле салды да, көрне қабаттала төселген биік орынға барып отырды* (Ғ.Мүсірепов); *Қалаға кіре берісте айналасы қоршаулы ұршық бас темір бағаналар тұр* (Ғ.Мұстафин) деген мысалдардағы *түйе жүн шекпен, ұршық бас темір бағаналар* деген тіркестер үш я төрт зат есімнен құралады. Бұл және олардан бұрынғы мысалдардағы тіркестер өзге (мысалы, индоевропалық) тілдерде белгілі грамматикалық қосымшалар арқылы берілетін грамматикалық мағыналарды білдіріп тұр.

Сөздердің сөйлемдердегі орны олардың мағыналары мен қызметеріне үлкен әсер етеді. Оны мына мысалдардан байқауға болады. Мысалы: *Жақсы жол — елге жора* (М.Әуезов); *Мәжіліс жақсы өтті, жаңа пікірлер айтылды* (Ғ.Мұстафин) деген сөйлемдердегі *жақсы* сөзі (сын есім) бірінде зат есімнен бұрын тұрса (*жақсы жол*), екіншісінде — етістіктен бұрын (*жақсы өтті*) тұр. Бұдан, қандай сөз табымен тіркесуіне қарай, сын есімнің қызметі өзгереді аңғарамыз. Ашығырақ айтсақ, алғашқы сөйлемде *жақсы* сөзі анықтауыш қызметін, екінші сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарып тұр. Сондай-ақ, *қысқы үкідей аппақ болып, ұзақ күндер ұзақ жортып, көбінесе, үнсіз жортып, Омбы қаласына бүгін іңір қараңғысында келіп кірді* (Ғ.Мүсірепов) дегендегі *ұзақ күндер ұзақ жортып* деген тіркестердегі алғашқы *ұзақ* (*ұзақ күндер*) — анықтауыш та, кейінгісі (*ұзақ жортып*) — пысықтауыш.

Сонымен, белгілі жағдайда (тіркесте, сөйлемде) сөздердің орындарының ауысуларына қарай, олардың грамматикалық мағыналары мен қызметтері өзгереді; сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі де белгілі грамматикалық тәсілдердің бірі болып саналады.

Дауыс ырғағы да грамматикалық мағынаны білдіретін грамматикалық тәсіл ретінде қызмет етеді. Өйткені кейбір тіркестердегі сөздердің қызметін ажыратуға тек *дауыс ырғағы* (интонация) ғана бірден-бір дәнекер болады. Мысалы, *Бұл мұғалім Әлім еді де, ол дәрігер Әлім еді* деген сөйлемдердегі дәл осы қалпында екі ұшты түсінуге болады. Егер осы сөйлемдердегі *бұл, ол* сөздерінен кейін кідіріс жасап айтсақ, екеуі де сол сөйлемдердің бастауыштары болады да, *мұғалім, дәрігер* сөздері *Әлім еді* деген баяндауыштардың анықтауыштары болады. Ал, егер кідірісті *бұл — мұғалім, Ол — дәрігер* деген тіркестерден кейін жасасақ, *мұғалім, дәрігер* сөздері бастауыш болады да, *бұл, ол* сөздері *мұғалім, дәрігер* деген бастауыштардың анықтауышы болады. Осы себептен, сызықшаны мағына ажырататын белгі ретінде — дауыс ырғағының (кідірістің) жазу тіліндегі шартты белгісі ретінде қолданып жүрміз.

Сонымен, тіліміздің грамматикалық құрылысы жүйелі, сала-сала грамматикалық құбылыстардан құралады. Ал, сондай әрбір грамматикалық құбылыстың екі жағы болады: біріншісі — сол құбылыстың белгілі ұғымды я түсінікті (бірдемені) білдіретін *ішкі жағы*, демек, мазмұны, яғни грамматикалық мағынасы, екіншісі — сол мазмұнды, яғни грамматикалық мағынаны (грамматикалық ұғымды я түсінікті) қалай я не арқылы білдіретін *сыртқы жағы*, демек — грамматикалық тәсілі.

Грамматикалық құбылыстың өзіне тән грамматикалық мағынасы мен сол мағынаны білдіретін грамматикалық тәсілі үнемі бірлікте болады. Грамматикалық мағына — грамматикалық құбылыстың (сөздің я оның бөлшегінің) *мазмұны* болса, грамматикалық тәсіл сол мазмұнды білдіретін *формасы*.

Міне, сондай жалпы грамматикалық амал-тәсілдер грамматикалық формалар деп аталады. Қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдері, олардың потенциалдық мүмкіншіліктері бай да, икемді де. Ол керегінше синтетикалық тәсілдерді де, аналитикалық тәсілдерді де пайдаланады.

Қандай грамматикалық мағына болса да, оның өзіне тән грамматикалық форма болса да, оның өзіне тән грамматикалық мағынасы болады. Грамматикалық мағынасы жоқ грамматикалық форма болмайды, грамматикалық формасы жоқ грамматикалық мағына болмайды. Тілдегі сөздердің грамматикалық мағыналары мен грамматикалық формаларының бірлігінен және солардың жинағынан тілдің грамматикалық құрылысы туады.

Грамматика ғылымы, тілдің грамматикалық құрылысын зерттегенде, өзінің тексеретін объектісінің негізгі өзегі етіп *сөзді* және *сөйлемді* алады. Тексеру объектілерінің осындай ерекшеліктеріне қарай, грамматика ғылымы *морфология* және *синтаксис* деп аталатын екі салаға бөлінеді.

*Морфология* — сөз және оның формалары туралы ілім. Сөйлеу дағдысында әр сөз сөйлем ішіндегі өзге сөздермен белгілі заң бойынша әрқилы қарым-қатынасқа түседі де, әлденеше қилы өзгеріске ұшырап, әр

алуан қызмет атқарады. Морфология осындай сөздерді жеке-жеке қарамай, жалпы сөз атаулыны алып, оларды белгілі топтарға бөліп, сол топ-топтың әрқайсысына тән жалпы грамматикалық сыр-сипатын анықтайды. Соның арқасында сөздердің әр тобының өзіне лайық жалпы грамматикалық мағыналары мен грамматикалық формалары айнықталады және сөз таптары ажыратылады, әр сөз табына тән категориялардың сыр-сипаттары ашылады. Осындай талдаулардың нәтижесінде сөздің жасалу, түрлену, өзгеру жүйелері, сөздің бөлшектенуі және олардың әрқайсысының грамматикалық мағыналары мен қызметтері анықталады.

Морфология сөздің формасын да тексереді. Ал, *сөздің формасы* деген ұғымға сөздің негізгі түбірі де, сөздің туынды, біріккен, қосарланған, әр қилы қосымшалар қосылған түрлері де, сөз тіркестері де енеді. Екінші сөзбен айтқанда, сөздің формасы деген ұғым сөзден сөз тудыратын, сөз бен сөзді байланыстыратын тәсілдер де, сондай-ақ, сөзге қосымша мағына жамайтын өзге тәсілдерді де қамтиды.

Тілдегі сөздерді грамматикалық мағыналарына, формаларына және қызметтеріне қарай, топ-топқа бөліп топтастыру да, әр сөз табына тән категорияларды анықтау да морфологияның міндеті.

## **I.2.Қазақ тіліндегі етістік және оның зерттелуі**

Етістік сөз табының ішіндегі мағынаға да, грамматикалық формаға да бай сөз табының бірі болып саналады. Ол тек морфологиялық формаларға ғана бай болып қалмастан, оның синтаксистік қызметінің де көп аумақты екендігін жасыруға болмайды. Сондықтан да грамматика саласында етістікті зерттеу ерекше орын алады. Егер түркі тілдерінің барлығында жазылған грамматикалық оқулықтарды ашып қарайтын болсақ, онда олардың баршасында да етістіктерге арнайы тоқталып өтілетіндігі сыр емес. Етістік морфологиялық құрылымы бойынша болымды-болымсыз, рай, жақ, шақ және сан категориялары бар, синтаксистік жағынан сөйлем баяндауышы қызметіне бейім, лексикалық мағынасы – қимыл мен әрекет болатын

сөздердің грамматикалық класы ретінде есімдер тобынан айрықшаланып тұрады.

Түркі тілдеріндегі етістіктер сыпаты бірыңғай. Екінші сөзбен, қазақ тіліндегі етістіктердің категориялары, түбір мен туынды түбір қалпы басқа түркі тілдерінде де қайталанып, сол дәрежеде көрінеді. Кейбір айырмашылық жеке тұлғалардың синтаксистік қолданысы мен семантикасында ғана бар.

Етістіктердің дербес грамматикалық топ ретінде жіктелуі түркі негіз тілі дәуірінде басталып, кейбір іздері оның жеке тілдерге ыдырау дәуірінен кейін де жалғасады. Соның бір көрініс – қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде-ақ жақтық қосымшалар етістіктер мен есімдерге бірыңғай жалғанады. Мысалы, қазақ тілінде *инженер-мін, бара-мын, инженер-сің, бара-сың*. Осымен бірге, жақтық қосымшалардың «қысқарған» варианты да бар: *бар-ды-м, бар-ды-ң*. Осындай сыпат басқа тілдерде де сақталған: ноғай тілі *ала-ман, ала-саң*, тува тілі *алыр сен, алыр бис*, т.б. Етістіктің жедел өткен жақ тұлғасына қосылатын *-м* жалғауы есімді тіркестер құрамында да қайталаанады: *(менің) кітаб-ы-м*. Қазақ тілінде (басқа да түркі тілдерінде) етістіктің есімше түрленуі бұл айтылғандармен бітпейді. Айталық, қалау рай деп қаралатын (өйткені сондай мән туғызып, сондай қызмет атқарады) – *ғы* (қимыл есім) + көмекші етістік тіркесі де есімдерше өзгереді: *барғым келді, барғың келді*.

Тарихи – түркологиялық зерттеулер қазірге тілдердегі етістік тұлғаларының арғы негізі қимыл есімдері деп дәлеледеді<sup>4</sup>. Қимыл есімі атауы тарихи грамматикада шығу тегі, мерзімі жағынан бүкіл етістіктермен немесе *етістік топ* деген мәнде қолданылады. Қимыл есімдері есім мен етістік қызметін қоса атқарған синкретикалық түбірлерден жіктеліп шыққан топ, сонда *көш, той, ақ* тәрізді синкретикалық түбірлердің сөйлем құрамындағы бір қызметінен іс-әрекеттің уақыт-мерзімге қатысын, сөйлеушінің іс-әрекет пен оның орындаушысы арасындағы қатысына көзқарасын білдіретін, екінші сөзбен, шаққа, райға жіктелетін сөздердің грамматикалық класы қалыптасты.

---

<sup>4</sup> Севортян. Э. В. О структуре предложения в тюркских языках. ИСГТЯ, ч. 3. 1961.

Қысқасы, қимыл есімдері шақ пен рай тұлғаларының семантикалық көп түрлілігіне негіз болды. Түркі тілдерінің тарихынан белгілі қимыл есім тұлғалары да есім мен етістік қызметтерінде қатар қолданылады (әрине, олардың бұл ерекшелігі алғашқы синкретикалық түбірлерге қарағанда әлдеқайда бәсең). Жалпытүркілік аяда қолданылатын қимыл есімдерінің негізгі түрлері мынадай: *-ғы, -ынч (-ынш), -мақғ –ма, -ыш (-ыс), -ық (ық), -ы (-у), -а, -ыт,-ын, -мыш (-мыс), -ғын, -ған, -дық, -ыр, -ар, -ғыр*. Бұлардың қазіргі тілдерде таралу дәрежесі бірдей емес. Қазақ тілінде *–мыс, -ынш, -ғын, -дық* тұлғалары актив қолданылмайды, сондықтан олардың шақ тұлғаларын жасауы да кездесе қоймайтын құбылыс. Оның үстіне, бұл тұлғалардың шақтық парадигма жасау дәрежесі де бірдей емес: *-ған, -ар, -а* тұлғалары бұл қызметте актив болса, *-ыр, -ғы, -ы, -мақ* тұлғалары пассив, кейбір етістіктер құрамында ғана қолданылады. Ал *–ыс, -ыт, -ық, -ғын, -дық* тәрізді тұлғалар шақ жасауға қатыспайды. Түркі тілдерінің кейінгі дәуірлерінде осы тұлғалардың негізінде екінші дәрежелі қимыл есім тұлғалары қалыптасты: *-ығчы (> -ушы), -мақчы (> -мақшы), -ығлы (>-улы), -ғалы, -асы, -ажақ*, т.б.

Қимыл есімдерінің кейбір түрлері қолданылу процесінде сбустантивтер мен адъективтерге айналып кетті, біразы вербализацияға ұшырады. Вербализацияға ұшырағандар біздің бүгінгі тілімізде есімше деп ұғынылатын топтар; *-ғалы* тәрізді бірен-саран тұлғалар ғана көсемшеге айналды. Ал субстантив пен *турур* (*тур* етістігінің есімше тұлғасы) етістігінің тіркесі жаңа дәуірде осы процеске ұшыраса, жатыс жалғауы қимыл есімдерінің вербализациясы біздің заманымызда қалыптасқан құбылыс: *жеңудеміз, жетудеміз*, т.б.

Қимыл есімдерінің семантикалық жіктелісі әрбір тұлғаның бір мәнде тұрақталып, басқа мән-мәнерден ажырау жолымен жүрген. Бұл процестің сыпаты жеке тілдерде бірыңғай болмаған. Сондықтан да рай түрлерінің жеке тілдерде қолданыс мәні мен қызметі де бірдей бола бермейді. Айталық, *-асы* тұлғасы қазақ тілінде тек қана қимыл есімі, ал якут тілінде рай жасайды,

азербайжан тілінде істі істеуге ниеттілікті білдірудің тәсілі болып қолданылады.

Тілдің даму барысында қимыл мен күйдің атауы болған қимыл есімдерінен қосымшасыз түбір тұлғасы етістіктер II жақ бұйрық мәнін беретін семантикалық топ болып жіктеліп шықты. Мұның нәтижесінде тіл құрамында атау тұлғасына негізделген есімдер мен II жақ бұйрық рай тұлғасына негізделген етістіктер жүйелері сараланды, ал етістіктің өз ішінде бұйрық рай мен ашық рай жүйесі жіктелді. Кейінгі даму барысында II жақ бұйрық рай тұлғасы, яғни, қосымшасыз тұлға басқа рай түрлеріне негіз болды.

Қимыл есімдерінің ашық райлы етістік біржолата қалыптасуына екі түрлі құбылыс себеп болды. Ол, біріншіден, сөз қолданудың қатаң орын тәртібі немесе сөздердің позициялық қолданыс заңдылығы. Тілдің әлі балаң дәуірінде тіркестер есімдер негізінде құралды да, компоненттерінің арасындағы қатынас сыпаты сөздердің орналасуы, орын тәртібі және айтылу интонациясы арқылы айқындалды. Қимыл есімдері зат, сын атауларымен салыстырғанда семантикалық жағынан предикативтілікті білдіруге әлдеқайда бейім болды. Ондай сөздерінің семантикалық осы айрықшылығы сөйлем соңында тұрақты қолданылу арқылы предикатив қызметінде бекінуіне себеп болды. Сөйтіп бұл жерде сөздің семантикасы мен оның қолданыс орны тұтасып келіп вербализацияға негіз болды. Қимыл есімдерін предикативтілікте тұрақтандырған екінші құбылыс оларға жіктеу есімдіктерінің тіркесуі. Сөйлемнің жақтық мәні оның соңында айтылған жіктеу есімдіктері арқылы белгіленген. Предикатив қызметіндегі қимыл есімінің грамматикалық көрсеткіші қызметінде айтылған жіктеу есімдіктері айтылу интонациясының әсерімен тұлғалық өзгерістерге түсіп, қимыл есім құрамына еніп, жақ пен санды білдіретін тәсіл болып қалыптасты. Сөйтіп бұл процесс қимыл есімін қимыл мен әрекет мәнінің белгілі бір уақыт пен жаққа қатысын білдіретін сөздердің грамматикалық класына айналдырды, екінші сөзбен, ашық райлы етістік немесе етістіктің жіктелетін тобы қалыптасты.

Тілдің даму барысында есім мен етістіктің ара жігін ашып, таза етістік қасиетін молайта түсетін жаңа категориялар қалыптасты, болымды-болымсыздық категориясы, сабақтылық пен салттық мәннің грамматикалық тәсілдер арқылы жіктелуі, қимыл-әрекеттің объектілік және субъектілік қатынасы, таза етістік жасайтын аффикстер тобы, т.б. категориялар жіктеліп жүйеге айналды. Сонымен қатар, қимыл есімдері де предикатив қызметінде тұрақты да актив қолданылумен қатар, есім мәнін де жайған жоқ. Қазіргі тілдегі есімшелердің басым көпшілігі есімдерше түрленеді, сонымен бірге предикатив қызметін атқарады, етістіктерге тән тұлғалар бойынша өзгереді. Оған орай есімшелердің синтаксистік қызметі де көп түрлі: есімдерге тән қызметте де, етістіктерге тән қызметтерде де қолданыла алады<sup>5</sup>.

Етістік деп қимыл-әрекетті, қалып пен күйді білдіретін етіс, рай, шақ, жақ, сан, болымсыздық категорияларын арнайы морфологиялық тұлғалар жүйесі арқылы білдіре алатын сөз табы аталады<sup>6</sup>. *Етістік* деп аталатын сөз табына тікелей жақ, шақ қосымшаларын қабылдай алатын сөздер жатады. Мұндай ерекшелік олардың синтаксистік қызметі арқылы айқындалады. Сол сияқты синтаксистік қызметі бойынша түркі тілдеріндегі етістіктер жіктелетін формалар жүйесіне және жіктелмейтін, жақ, шақ бойынша өзгермейтін формалар жүйесіне бөлінеді.

Етістіктің есімдерден морфологиялық тұлғалар арқылы бөлектенуі түркі тілдерінде бір сипатта өтеді. Оның себебі: етістіктердің есімдерден негізгі жіктелісі ата тіл, негіз тіл дәуірінде басталған процесс. Дегенмен, бұл процесс (яғни етістіктердің есімдерден жіктелуінің) әлі де түгелдей аяқталып болмаған. Айталық, қазіргі түркі тілдерінде есімдер етістіктерге жақ, шақ жалғаулары бір сипатта жалғанады. Мысалы, ноғай тілінде *аламан*, тува тілінде: *алыр мэл*, *алыр сән*. Ал қазақ тілінде: *инженермін*, *аламын*, *инженерің*, *аласың* т.б. Көне түркі тілінде: *мен батыр мен* т.б. Бұл фактілер жаңағы аталған формаларда етістіктер мен есімдердің айқын жіктелгендігін

<sup>5</sup> М.Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы. «Мектеп».1988. –Б. 222-225.

<sup>6</sup> М.Томанов. Түркі тілдерінің салыстырамлы грамматикасы. Алматы. «Қазақ университеті», 1992. –Б. 137.

көрсетпейді. Сондай-ақ, кейбір тілдерде *-ды* тұлғалы жедел өткен шақ *ер гелдейді* (*ер* етістігінің продукцияланған түрі). Бұл *-ды* тұлғасының о баста таза етістік болғандығын дәлелдейді.

## **II тарау. Орта мектепте қазақ тіліндегі етістікті оқыту мәселелері**

### **II.1. Етістіктің лексика-семантикалық сипаты**

Етістік — тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика-семантикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Етістіктің лексика-грамматикалық сипатының мейлінше өрісті болатын себебі — ол семантика тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, күй сияқты процестерге қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Етістіктің осы бай семантикасы, оның түр-түрі, қашан да болсын, мезгіл я шақ ұғымымен ұштас болады.

Етістіктің лексика-грамматикалық формаларының бай болатын себебі — ол формалар амал-әрекеттің болу мезгілін, жүзеге асу кезеңін және олардың өту сипатын, яғни бағыты, қарқыны, тынуы, тәрізді жайларды бағдарлатады, демек, етістік формалары осы және олардан өзге әр түрлі құбылыстардың көрсеткіштері есебінде қызмет етеді. Бұлардың үстіне, етістіктен етістік тудыратын, есімнен етістік тудыратын семантикалық, аналитикалық тәсілдердің жүйелерін, олардың нақтылы үлгі-нұсқаларын қоссақ, *eticimik* деп аталатын сөз табы форма жағынан орасан бай категория екені ашыла түседі. Шынында да, форма байлығы жағынан етістікке өзге бірде-бір сөз табы, солардың ішінде формасы ең бай саналатын зат есімнің өзі бара-бара түсе алмайды.

Етістіктің лексика-семантикалық мағынасы мен формаларының байлығы оның өзіне тән әрі алуан лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық категорияларынан тіпті айқын көрінеді. Мысалы, етістіктің өзіне лайық сөз тудыру жүйесі, ол жүйенің неше қилы формаларымен қатар, өзіне ғана тән сөз түрлендіретін де формалары бар. Ал *шақ, рай, етіс, амалдың жүзеге асу (өту) сипаты* сияқты жүйе-жүйе категориялар — етістіктің семантика жағынан ең бай формалары, сондай-ақ, етістіктің өзге семантикалық және морфологиялық формаларынан мазмұнды да, тұрпат-түрлері де өзгеше *есімше, көсемше* деп аталатын категориялары бар. Бұлар, бір жағынан, етістікті басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін формалар болса, екіншіден, солармен ұштастыратын айрықша функциялары бар категориялар. Бұл аталған формалармен жарыса өмір сүріп, тіркестегі өзге сөздердің мазмұнына өзінше үлес қосып, қажетіне қарай, олардың формаларына да өзгеріс енгізіліп отыратын болымдылық және болымсыздық, сабақтылық және салттық категориялары да бар. Бұлар етістіктің нағыз категориялық сипаттарының белгілі көрсеткіштері делініп есетелінеді.

Етістіктің осындай әр қилы категорияларының мағыналары да, синтаксистік қызметтері де, әдетте, сол етістіктің өзге формаларымен және өзге сөз таптарына тән сөздермен қарым-қатынасқа түскенде айқындала түседі. Өйткені әр форманың мағынасы да, қызметі де көбінесе сөйлемде, белгілі сөз тіркесінің ауқымында анық ашылады. Мысалы, етістіктің кейбір формаларының тек қана баяндауыш болуы, кейбір формаларының сөйлемнің барлық мүшелері есебінде қолданылуы сияқты грамматикалық құбылыстар тек сөйлем ішінде, сөз тіркесі ауқымында ғана анықталады. Сонымен бірге, етістіктің семантикасы сол сөздің құрамы мен құрылысына астасып жатса, керісінше, қызметі оның семантикасы мен формасына ұштасып отырады. Сол себептен етістік формаларының сыр-сипаттарын бір-біріне байланыстырмай, алды-алдына талдау, қашан да болсын, ағат болмақшы.

Етістіктің лексикалық құрамында қашан да болса, солардың әрқайсысының өзіне тән лексикалық мағынасы болады. Солай бола тұра

лексикалық мағыналары қаншалықты басқа-басқа болғандарымен, сол етістіктің бәрі де, ең алдымен, мазмұнындағы барлығына да ортап сипат есебінде танылатын семантикалық ерекшеліктеріне қарай бір сөз табына телінеді. Дегенмен де, лексика-грамматикалық белгілері бірыңғай жеке сөз саналатын етістіктердің өздерін іштей бір-біріне мағына жағынан жарқындықтарына, өзара функция жағынан орайластықтарына қарай топ-топқа бөлуге болады. Мысалы, оларды осы тұрғыдан алып, іштей: **амал-әрекет етістіктері** (*босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше* т.б.), **қимыл-қозғалыс етістіктері** (*ауна, аудар, домала, зыт, қаш, секір* т.б.), **қалып-сапа етістіктері** (*жат, жантай, тұр, тос, күт, ұлғай* т.б.), **ойлау-сөйлеу етістіктері** (*айт, сөйле, де, ескер, жатта* т.б.), **өсу-өну етістіктері** (*балала, жапырақта, гүлде, өс, өн* т.б.), **бағыт-бағдар етістіктері** (*бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет* т.б.), **көңіл-күй етістіктері** (*жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан* т.б.), **бейнелеу-еліктеу етістіктері** (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра* т.б.), **дыбыс-сес етістіктері, көру-есту етістіктері; мінез-құлық етістіктері** деген сияқты әлденеше топқа бөліп, саралуға болады. Сондай-ақ, сыртқы түр-түрпат ұқсастықтарына немесе мағына-мазмұны жақын, алшақ, қашықтықтарына қарай олар **омоним** етістіктер, **синоним** етістіктер, **антоним** етістіктер деген тәрізді топтарға да жіктеуге болады.

Етістіктер мағынасына қарай топтастыру мәселесі де, басқа сөз таптары сияқты, белгілі бір мақсатқа я нысанаға орайлас құрылуы қажет. Өйткені жоғарыдағы топтаулар лексикология, лексикография, семасиология, стилистика, тіл тарихы ғылымдары үшін қонымды болғандарымен, грамматиканың талап-талғамы үшін, әрине сондайлықты ұғымды бола қоймайды. Ендеше, етістіктің грамматикалық формалары мен қызметтерін дұрыс айқындау үшін, оларды формалардың, туынды синтетикалық және аналитикалық формалардың семантикалық құрылымдарына орай жіктеп, сыр ашу — олардың формалары мен мазмұндарының арақатынастарын анықтауға тиімді де, қонымды да болмақ. Себебі — грамматикалық семантика, қашан да

болсын, сөздің құрылысы мен құрамына байланысты болады. Сондықтан жұрнақ арқылы жасалатын туынды етістіктер мен кемі екі сөзден құралатын күрделі етістіктердің семантикалық құрылымы жайында — оларға арналған тиісті тақырыптарда сөз болмақшы да, төменде тек түбір етістіктердің семантикалық жүйесі жөнінде қысқаша түсінік берілмекші. Өйткені, әдетте, есімдерге және басқа сөз таптарына қатысты (байырғы я кірме болуы шарт емес) сөздерден жұрнақ арқылы туған жалаң етістіктер де, кемі екі сөзден құралып жасалған күрделі етістіктер де барлығы тіліміздегі ежелгі түбір етістіктердің семантикалық жүйесіне, морфологиялық формасына және синтаксистік функциясына орай құралып, солардың негізгі заңдарына лайық қалыптасып отырған. Онан қала берді, байырғы түбірлер, қашан да болсын, өзге туынды етістіктерге, әсіресе мағыналық құрылымы мен грамматикалық функциясы жағынан әрі ұйытқы, әрі өрнек есебінде қызмет еткен. Ал сол байырғы түбір етістіктердің грамматикалық семантикасына, соған сәкес қалыптасқан негізгі функциясына қарай төмендегідей үш салаға бөлуге болады:

***Бірінші сала.*** Бұларға өздеріне тән негізгі лексикалық мағыналарын дәйім толық сақтап отыратын, соған орай, дербес, грамматикалық қызметтерін түгелімен атқарып отыратын түбір етістіктер жатады. Бұл етістіктер өздерінің негізгі мағыналарын ұдайы сақтап отырады да, үнемі жетекшілік қызметінде жұмсалады. Түбір етістіктердің негізгі көпшілігі осы топқа жатады. Мысалы: *аз, айт, ас, аш, бақ, ем, ек, ер, ес, жар, жаз, жақ, жел, жең, жорт, и, илан, кеш, кір, күл, көн, қада, қала, қама, қыс* т.б.

***Екінші сала.*** Бұл топқа өздеріне тән негізгі лексикалық мағыналарын толық сақтап, сөйлемде дербес мүше болумен қатар, басқа бір жетекші (негізгі) етістікпен тіркескенде, лексикалық мағыналарын не жартылай, не бүтіндей жоғалтып, оған (жетекші етісікке) қосымша грамматикалық мағына ғана үстеп, жәрдемші ретінде де қызмет атқаратын түбір етістіктер жатады. Бұл етістіктер, сөйтіп әрі негізгі, әрі жәрдемші (әрі жетекші, әрі көмекші) етістіктер есебінде жұмсалады. Мұндай бірде жетекші, бірде көмекші

болатын етістіктердің саны тілімізде отыз шамалы. Оларға, мысалы, мына етістіктер жатады: *ал, бар, баста, бақ, бер, бол, бір, біл, де, ет, жат, жүр, жібер, кел, кет, көр, қал, қара, қой, қыл, отыр, сал, таста, тұр, тұс, шық* т.б.

**Үшінші сала.** Бұл топқа енетін етістіктер саны аз. Оларға өздеріне тән әуелгі лексикалық мағыналарын я жартылай, я бүтіндей жоғалтатын, тек қана грамматикалық мағына жамап, грамматикалық формаға лекер болып қызмет ететін, яғни бірыңғай көсемше есебінде ғана жұмсалатын *е, еді, екен, жазда* етістіктері ғана жатады.

Морфологиялық құрылымы жағынан етістіктер **жалаң етістіктер** және **күрделі етістіктер** деп аталатын екі асалаға бөлінеді. Осымен қатар етістіктің *аналитик етістіктер* деп аталатын түрлері де бар.

**Жалаң етістіктерге** түбір етістіктер және жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер жатады. Мысалы: *ек, жек, оқы, жаз, кел, аяқта, баста, қолда, арала, сабала, сүйреле, шапқыла, үймеле, кіріс, жуын айтқыз* т.т.

Жалаң етістіктер, сөйтіп құрылымына қарай, **түбір етістіктер** және **туынды етістіктер** деген екі топқа жіктеледі.

**Түбір етістіктер** деп арнаулы морфологиялық бөлшектер жоқ, демек, қазіргі кезде морфологиялық жағынан түбір және жұрнақ деп бөлшектеуге болмайтындай етістік формалары аталады. Мысалы: *аз, ал, айт, алда, арба, ат, ас, аш, ақ, бар, бас, бат, бер, без, бол, байла, баста, бақырай, де, ез, ер, ес, жет, жала, жыла, же, жел, жебе, жорт, жи, жар, жаз, жүз, жүгір, илан, тасы, тара, тос, тол, тоқы, тұс, үр, ұқ, шал, шай, шап* т.б.

Бірақ, өзге түбір сөздер сияқты, етістік түрі де тарихи дамып отыратындықтан, олардың қатары да бірте-бірте толығып, көбейіп отырған, сол есептен түбір етістіктердің ішінде бұрын ұзақ замандар бойы, туынды сөз есебінде жұмсала-жұмсала келіп, бірте-бірте түбірі мен жұрнағын ажыратуға болмайтындай болып кеткен сөздер бар. Мысалы, жоғарыдағы етістіктердің ішінен: *айт (ай+т), алда (ал+да), байла (бай+ла, бау+ла), бақырай (бақ+ырай), жыла (йығ+ла), баста (бас+та)* дегендерді, сондай-ақ, *тоқта*

(тоқ+та), *тоқыра* (тоқ+ыра), *болыс* (бол+ыс), *сөйле* (сөз+ле), *тула* (ту+ла), *шегін* (шек+ін), *шегер* (шек+ер) т.т. тәрізді қазіргі шақта түбір саналып жүрген етістіктерді алсақ, жақша ішінде көрсетілгендей, әуелі түбір сөздер мен жұрнақтардан кейбіреулері деформаланбай-ақ, кейбіреулері деформаланып бөлшектенбейтін түбірлерге айналып кеткен. Дәл, сол сияқты, әр алуан өзгерістердің нәтижесінде бұрын бөлшектенетін, қазір бөлшектенбейтін омоним етістіктер пайда болған. Мысалы: *су жылы-ды* және *жылы су*; *бала тоң-ды* және *тоң қатты* дегендердегі сияқты әрі етістік әрі есім болып түбірлер ғана емес, әрі етістіктің, әрі есімнің жұрнағы болатын қосымшалар да — осындай даму заңдарына лайық қалыптасқан формалар. Ал *түрегел* (тұра кел), *әкел* (алып кел), *әпер* (алып бер), *әкет* (алып кет), *өйт* (олай ет), *сөйт* (солай ет) тәрізді бірігуден құралған түбір етістіктер де, әрине, жоғарыда айтылған қағидалардың бір айғағы екені шексіз. Осыларға орай байырғы түбір етістіктерді түпкі я *негізгі түбір* және *көнеленген түбір* деп шартты түрде бөлуге де болады.

Сонымен, қазіргі тіліміздегі етістік түбіріне неше қилы формалар (есімше, көсемше, рай, етіс, шақ т.б.) тудыратын қосымшалардың барлығы алып тасталғанда, сақталатын яғни, әрі қарай тағы да бөлшектеуге болмайтын я келмейтін түпкі бөлшек болады. Мысалы: *бер-іл-ген*; *бер-іл-се*, *бер-гіз-дір-т-ін-ті*, *бер-гіз-ін-ті...* деген формалардың бәрі де ортақ түпкі бөлшек *бер* бөлшегі түбір саналады. Сол сияқты, *сөйле-ді-м*; *сөйле-т-тім*; *сөйле-т-тір-дім*; *сөйле-с-тір-ді-ң-дер*; *сөйле-ген...* тәрізді формалардың түпкі түбірі — *сөйле* сөзі болады. Бұл сөздің төркіні — *сөй+ле* екені аян бола тұрса да, көнеленіп қалыптасқан *сөйле* түбірін *сөй+ле* деген бөлшектерге саралау бөлшектерге қисынсыз, өйткені, қазіргі тілімізде *сөй* деген сөз атымен жоқ. Ендеше, осы сияқтанған, әбден тұтасып бір тұлға болып қалыптасқан формалар (мысалы: *ұйықта* — *ұйқы*, *болыс* — *бол* т.т.) түбір сөз саналады және түбір сөз ретінде қабылдануға тиіс.

Тілімізде осындай түбір етістіктер екінші шақ тапқа тікелей бұйыру я тікелей айту мағынасын (*сен оқы*; *сен сөйле...*) білдіріп, бұйрық (императив)

я тілек (оптатив) рай формасымен түрлес те, орайлас та болатындықтан, грамматикада бұйрық тілек (императив — оптатив) райының жетекші түрінің екінші жағының формасы саналады. Бірақ бұл түбір лұғат жеке-дара сөз ретінде саналғанымен, сөйлеу тілінде басқа қызметте (функцияда) жұмсалмайды, тек *айт-айттан, жүр-жүрлеп, оқы-оқылап...* деген тәрізді кайталама түрде ғана (күшейту үшін) қолданылады. Осы ерекшелік түбірден есім түбірлерін басқаша етіп, ерекшелендіріп тұрады, өйткені тіліміздегі есім түбірлері атау түрінде жеке-дара тұрып та қилы-қилы қызмет атақара береді.

**Туынды етістіктерге**, әдетте, түбірлерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктер жатады. Туынды етістіктерді тиісті түбір және жұрнаққа бөлшектеуге болады, бірақ ол туынды тұлға есебінде қолданыла береді. Мысалы: *ой+ла, той+ла, тер+ле, сұр+ле, ем+де, көз+де, тоқпақ+та, іс+те, сын+а, мін+е, мол+ай, ес+ей.*

**Туынды етістіктердің семантикалық құрылымы.** Жұрнақ арқылы жасалатын (туатын) әрбір туынды етістіктің семантикасы, әдетте, оның құрамына енетін түбір (туынды сөз) мен қосылатын жұрнақтың мағыналарынан құралады. Мысалы, *тұзда, үтікте, шегеле, емде, сына, міне* деген сияқты туынды етістіктерді алсақ, бұларға *тұз, үтік, шеге, ем, сын, мін* деген зат есімдердің түпкі мағыналары негіз болған да, оларға қосылған — *да (-те, -ла, -де), -а (-е)* жұрнақтары бұл зат есімдерді етістікке айналдырған. Мысалы: *бүк-ірей, бүк-ши, ұрт-та, көз-де, жол-ық, сау+ық, шұбар+т, оң+ал, оң+ғар, жаңа+р, таза+р, тең+е, жылтыр+а, жоғары+ла, ілгері+ле* дегендерде: *бүк, ұрт, көз, жол* (зат есімдер), *сау, шұбар, оң* (сын есімдер) *жоғары, ілгері* (үстеулер) сөздері тиісті жұрнақтар арқылы етістікке айналып тұр.

Жұрнақ арқылы жасалатын туынды етістіктердің мағыналары, негізінен алғанда, жоғарыда айтылғандай, құрамындағы екі компоненттің (түбір мен жұрнақтың) мағыналарынан құралса да, ол екеуінің құрамы бір-бірімен ажыралмайтындай болып бірігеді де, туынды форма бір бүтін тұлға (единица) есебінде тұтасады. Осы есептен кейбір туынды етістіктер (туынды

есімдер де) бөлшектенбейтін болып, түбір сөз қалпына көшеді. Мысалы, *мықта, алда, бауызда, тула, мұзда, шөлде, тоқта, тоқыра, байызда, байла...* тәрізді туынды етістіктердің түбірлерінің (*мық, ал, бұғаз, ту, мұз, шөл, тоқ, байыз, бай*) негізгі мағыналары әр қилы дәрежеде көмескіленіп, кейбіреулерінде тіпті мүлде жоғалып, түбір етістік қалпына көшкен. Бірақ *тұзда, үтікте, шегеле...* дегендерден, әрине, олай болмай, тек есімнің етістікке айналған аңғарарлықтай (*тұз сал; үтікпен бас я тегісте; шеге қақ я шегемен бекіт*) грамматикалық мағына ғана қабылданады. Ал, егер оларға (туынды етістіктерге) негіз болған я болатын есім сөз әуелі өзі етістіктен туған форма болса, онда есім негізі мен туынды етістіктің қатысы бір-біріне жақындай түседі. Мысалы, *ұйықта* етістігінің ең әуелгі төркіні *ұйы* деген түбір етістік болған, ол түбірге **-қы** жұрнағы қосылып (*ұйы+қы*), туынды зат есім (*ұйқы*) жасалған, осы *ұйқы* деген негізден жасалатын *ұйықта* деген етістік *ұйқы, ұйықта* деген екі сөздің мағыналарынан да гөрі әрі төте, әрі әлдеқайда абстракты мәнді (семантиканы) білдіреді.

Дегенмен, туынды етістіктің семантикалық құрылымына оған негіз болатын есім сөздің мағынасы үлкен әсер етеді. Өйткені есім сөздің қызметі неғұрлым саяз я шағын болса, етістіктің мағынасы да соғұрлым тайыз я тар болады (*бұрғы+ла, асфальт+та*); керісінше, есім сөздің қызметі кең я өрісті болса, етістік те соншалықты өрелі, көп мағына болады (*қолда, көзде*). Бірақ, осы айтылғандай, сөздің тайыздығы мен кеңдігінің арасын я шегін белгілі бір өлшеумен (атайық, *см, мм, км* немесе *мг, г, кг, т.т.*) немесе межемен айқындау қиын, өйткені кейбір туынды етістіктерді алсақ, олардың есім сөздің мағынасын тек етістікке айналғандығынан ғана аңғаруға болады (*ара+ла, бетон+да*) да, кейбір туынды етістіктердегі есімнің мағынасы оның негізгі қызметімен мейлінше бірігіп, миласып кететінінен (*адам+да, у+ла, шу+ла, қу+ра*) көруге болады. Ал бір алауан туынды етістіктердің мағыналарында зат пен әрекет (іс) жарысы жүріп екеуі көрініп отырады (*божы+ла, жұдырық+та, кілт+те, қамшы+ла, арқа+ла, тізе+ле*). Ендігі бір туынды етістіктердегі туынды сөздер делексикаланып (бастапқы

мағынасынан айрылып), туынды етістік сөздің төркінінен (есімнен) біржолата қол үзіп (метафора есебінде қолданылып) кетеді деуге болады. Мысалы: *(аң) аула, аңда, байла, баста, бауызда, көзде, қолда, мұзда, сақта, сөйле, шөлде, шөлірке, таста, тула, тыңда* секілді туынды етістіктердің мағыналарын бағдарласақ, я деформаланудың нәтижесінде (*бұғанда, сөзде, бағла*), я ұзақ уақыттар бойы аса жиі қолдану нәтижесінде (*мұзда, шөлде, шөлірке, сақта, тула*) я қызметтерінің кеңдігі, өрістілігі арқасында (*бас+та, қол+да, тас+та, тың+да*) немесе басқа да солар сияқты себептердің нәтижесінде өздерінің негіздерінен алшақтап кеткені көрінеді. Мұны, *аңысын аңдады, сөз сөйледі, тың тыңдады, той тойлады, ой ойлады* дегендердегі толықтауыштар мен баяндауыштардың арақатынастарынан да байқауға болады.

Жұрнақ арқылы жасалатын туынды етістіктердің математикалық құрылымының осы айтылғандай аса күрделі және түрлі-түрлі болу себебі — олардың бұрын я соң жасалуына, сирек я жиі қолданылуына я түбір (есім) сөздің функциясының шағын я өрістілігіне, жалғанатын жұрнақтардың елгезектігіне, семантикасына және басқа да солар сияқты жағдайларда байланысты болса керек.

Түбірлерден немесе негіздерден (туынды сөздерден) жұрнақ арқылы жасалатын туынды сөздердің белгілі (бір жүйе бойынша қалыптасқан) морфологиялық құрылымы болады. Әдетте, сол құрылымның бір компоненті — жаңа форма жасауға негіз болатын дербес мағыналы сөз болса, екінші компоненті — сол бірінші компонентті белгілі бір сөз табына айналдыратын жұрнақ болады. Мысалы: *тіс+те, арқан+да, сабын+да, ақ+та, екеу+ле, көлдең+де, ойбай+ла, саба+ла, кел+тір, оқы+т...* сияқты туынды етістіктің әрқайсысы екі-екі компоненттен құралған. Бірақ осы мысалдардағы туынды етістіктердің жұрнақтары біреу ғана (*-ла,-ле...*) да, осы жұрнақ жалғанып тұрған негіздер — әлденешеу және олар басқа-басқа. Солардың ішінен *тіс, арқан, сабын* деген негіздерді алсақ, олар — зат есімдер: *ал, ақ* — сын есім; *екеу* — сан есім; *ойбай* — одағай, *көлбең* — бенелеуіш сөз; *саба, кел, оқы*

дегендер — етістіктер. Бұдан туынды етістіктер тіліміздегі негізгі сөз таптарының қасынан болса да жасала беретіні айқын көрінеді. Осыған орай, туынды етістіктер, жасалатын негіздеріне қарай, *есімдерден жасалған етістіктер* және *етістіктерден жасалған етістіктер* деген екі салаға бөлінеді және де, алғашқылар *есім негізді етістіктер* соңғылар *етістік негізді етістіктер* деп аталады.

Етістіктің жалпы лексика-семантикалық сипаты мен морфологиялық құрылыс жөнінде жоғарыда берілген мәліметтер оның формаларының жүйесіне тән сыр-сипаттарды түгел ашып бере алмайды, бірақ оларды айтуға, қажетті негіз етерлік, таяныш санарлық материал бола алады. Ал етістік формаларының жүйесін айқындау үшін, сол жүйеге енетін негізгі грамматикалық сыр-сипаттарын ашып алу қажет. Өйткені ол жүйе етістіктің арнаулы формаларынан құралады. Формалардың ерекшеліктері олардың семантикалық және морфологиялық сипаттарын анықтау нәтижесінде ашылмақ.

Грамматикалық формалардың көптігі мен мазмұнының байлығы жағынан және қызметтерінің қарымдылығы мен сан-салалығы жағынан етістіктер тіліміздегі сөз таптарының жүйесінде төтенше орын алады. Етістіктің бұл төтенше орны, біріншіден, оның формаларының бәріне де тән, бәріне де ортақ, бәрінде де болатын жалпы сипаттарымен, сол формалардың өзді-өздеріне ғана тән, өзгелерінде жоқ жалқы ерекшеліктерімен ғана байланысты. Өйткені етістік формаларының бәріне тән, бәріне ортақ, жалпы сипаттары оларды (формаларды) етістік деп аталатын үлкен категорияның айналасына шоқтайтын жалпы белгі болса, әр формаға тән жалқы ерекшеліктер оларды (формаларды) алды-алдына саралап, бір-бірінен ажырататын семантикалық және грамматикалық сипаттарының көрсеткіші есебінде қызмет етеді.

Етістік негізінде қашан да болсын, өзіне лайықты, үйреншікті болып, әбден қалыптасқан арнаулы қосымшалары қосылғанда ғана тиісті киімін (жамылышын) киіп, дербес лексика-семантикалық мәніне ие болып,

грамматикалық қызметін мүлтіксіз атқаратын формаға айналады. Өйткені етістік қосымшалары әрбір семантика-грамматикалық топтың (форманың өзіндік сипаттарын), ерекшеліктерін ашады. Ендеше, етістік формаларында жалпы қасиет те, жалқы қасиет те болады. Олардың алды-алдына сараланатын жалпы қасиеттерінен бір-бірін толықтырып, бірімен-бірі селбесіп, өз ара ұштасатын жалқы қасиеттерінен бүтін сөз табының — етістікке тән барлық сын сипаттары құралады. Солай болса, етістік формаларының түр-түрін, олардың мағыналары мен қызметтерін анықтау — етістікке қатысты сөз формаларын жан-жақты етіс талдау, білу, баяндау болмақшы. Осы тұрғыдан қарағанда, талданылмақшы етістік формаларының жүйесі төмендегі грамматикалық категорияларға бөлінеді.

1. Етістік негізгі.
2. Қимыл атаулы категориясы.
3. Салттық және сабақтылық категориясы.
4. Етіс категориясы.
5. Болымдылық және болымсыздық категориясы.
6. Амалдың өту сипаты категориясы.
7. Есімшелер категориясы.
8. Көсемшелер категориясы.
9. Рай категориясы.
10. Шақ категориясы<sup>7</sup>.

## 2.2. Етістіктің грамматикалық категориялары

**Етістіктің болымды, болымсыз түрлері.** Етістіктер қазақ тілінде болымды және болымсыз болып, бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі мағынада топталады. Мысалы:

<i>Бар - барма;</i>	<i>сал-салма;</i>	<i>тарт – тарпа.</i>
<i>Кет – кетпе;</i>	<i>қаз – қазба,</i>	<i>без – безбе.</i>
<i>Хабарла – хабарлама;</i>	<i>толтыр – толтырма;</i>	<i>естірт – естіртпе.</i>

---

<sup>7</sup> А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. «Ана тілі». 1991. –Б. 222-274

Етістіктің болымды түрі әрқашан алғашқы формада келіп, болымсыз түрі оған *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* жұрнақтары қосылу арқылы жасалады: *кел –ме, бар –ма, бол – ма, бол-майды. Ал келе ме?, бола ма?, болма ма?* түрінде келгенде *ма / ме* бөлек жазылып, етістіктерді сұрау мағынасына айналдырады. Сонымен *-ма / -ме, -ба / -бе, - па / -пе* жұрнақтары етістіктерге қосылып жазылып, болымсыз мағынаны білдіреді, ал *ма/ме, ба/бе, па/пе* (сұраулық шылау) етістіктерден бөлек жазылып, оларды сұрау мағынасына айналдырады.

Болымсыз етістік кейде өткен шақтық етістіктегі есімше түріне *жоқ, емес* сөздері тіркесіп келу арқылы да жасалады. Мысалы: *алған жоқпын, алған емеспін, білгенім жоқ, көргенім жоқ.*

Сөйлеу тілінде және ауыз әдебиетінде бұл формалардың басқа да түрлері бар. Мысалы:

- 1) *қалман, бермен, алман;*
- 2) *көрген емен, берген емен, алған емен.*

**Сабақты және салт етістіктер.** Етістік – қыр-сыры мол, күрделі сөз табы. Етістіктердің бірқатары табыс септікті сөздерді тікелей де, енді бірқатары оны меңгере алмайды. Мысалы: *ал, бер, көр, айт, оқы, құрметтеймін, сыйлаймын* сияқты етістіктер *нені?, кімді?* деген сұрақтарға жауап беретін сөздермен тіркесе, *кел, жүр, тұр, отыр, келемін, барамын* деген етістіктер *кім?, не?* деген сұрақтарға жауап беретін сөздермен ғана тіркесе алады. Сол сияқты *Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім* (Абай) дегенде *іздеп, көздеп* деген етістіктер табыс септікті сөздермен (*ғылымды, дүниені*) байланысып, ал *үңілдім* сөзі табыс септікті сөзбен байланыспай, жеке, салт тұр.

Сөйтіп, табыс септікті форманы меңгеруге қабілетті етістіктерді сабақты етістік дейміз де, табыс септікті меңгере алмайтын етістіктерді салт етістік дейміз.

Сабақты етістіктің салт етістіктен ерекшеленетін қасиеті – ішінде сабақты етістігі бар тізбекке табыс септікті сөзді қатыстырмасаң, ол тізбек мағына жағынан олқы болып тұрады. Мысалы:

<i>Ол жазды.</i>	<i>Ол оқыды.</i>	<i>Ол сөйледі.</i>	<i>Ол күлді.</i>
<i>Ол ойнады.</i>	<i>Ол санады.</i>	<i>Ол кетті.</i>	<i>Ол жатты.</i>
		<i>Ол келді.</i>	<i>Ол ұйықтады.</i>

Сол жақ екі бағанадағы тіркеске көңіл аударсақ, табыс септігінің қажеттігі көрініп-ақ тұр. Сонымен бірге сабақты етістік басқа септіктерде тұрған сөздерді де меңгере береді. Мысалы: *ҮІ сыныпта оқыдым. Кітаптан оқыдым*, т.б.

Етістіктің етіс деп аталатын түрлерінің жұрнақтары салт етістікті сабақты, сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Мысалы:

1) **-ыл, -іл, -л, -ын, -н** жұрнақтары сабақты етістікке жалғанып, оны салт етістікке айналдырады: *айту – айтылу, беру – берілу, ойлау – ойлану*, т.б.

2) **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т** жұрнақтары сабақты етістікке жалғанып, оны салт етістікке айналдырады: *отыру – отырғыз, күлу – күлгіз, пісу – пісіру, қайнау – қайнату*, т.б.

Етістіктің сабақты, салт етістік болып бөлінуіне ешқандай грамматикалық көрсеткіштер қатыспайды. Демек, сабақты етістік те, салт етістік те етістіктің басқа түрлерімен араласып жатыр, олардың мағыналары соларды өткенде толық ашыла түседі.

**Етістер.** Етістердің өзіндік мағынасы және морфологиялық көрсеткіштері бар. Соған сәйкес етістерді бес топқа бөлеміз. Олар: **негіз етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс.**

**1. Негіз етіс.** Түбір етістіктің де, басқа сөз табынан жасалған туынды етістіктің де алғашқы тура қалпында айтылған түрін негіз етіс дейміз. Мысалы: *ал, алу, алған, кел, келіп, келген, келді, шегеле, шегелеу, ойлау*, т.б.

Бұлар етістердің басқа түрін жасауға негіз болады.

**2. Ырықсыз етіс.** Істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс деп аталады. Мысалы: *шөп тасылды, шөп жиылды, хат жазылды* дегендерде істі істеуші де, істетуші де жоқ, қимылға түсетін зат қана аталған.

Ырықсыз етіс **-л, -ыл, -іл** жұрнақтары (*киім киілді*), кейде **-н, -ын, -ін** (*бөлме тазаланды*) жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен ғана жасалады. Мұнда сабақты етістік салт етістікке айналады. Мысалы:

*Алқымы күшті асаулар,  
Ноқтаға басы керілді.  
Өз малым деп жүрген мал.  
Иесіне берілді.*

(Абай)

**3. Өздік етіс.** Іс істеуші айтылып, іс субъектінің, яғни істеушінің өзіне жұмсалса, оны өздік етіс дейміз. Мысалы: *Сәлім жуынды* десек, жуушы да, жуынушы да - *Сәлім*. Мұнда іс-әрекет істеушінің өзіне жұмсалып тұр. Өздік етіс етістің түбіріне **-н, -ын, -ін, -л, -ыл, -іл** жұрнағы қосылу арқылы жасалады.

Өздік етіс табыс септігіндегі тура толықтауышты қатыстырып та, қатыстырмай да айтыла береді. Мысалы: *Ол киінді. Ол киімін киінді.*

**4. Өзгелік етіс.** Істелетін заттың біреу арқылы істелгенін не істелетінін көрсететін етістіктің түрін өзгелік етіс дейміз. Мысалы:

*Сабадан қымыз құйдырып,  
Алдарына қойдырып,  
Жасы үлкендер бір бөлек,  
Әзілдесіп сылқылдап...*

(Абай)

Өзгелік етісті жасайтын жұрнақтар әр түрлі: **-ыт, -іт, -т** (*оқыт*); **-тыр, -тір, -дыр, -дір** (*алдыру*); **-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз** (*алғыз*); **-ыр, -ір** (*пісіру*); **-ыз, -із** (*еміз*).

Өзгелік етіс салт етістіктен жасалса, салт етістік сабақты етістікке айналады. Мысалы: *тамақ пісті* дегенде – салт етістік, *егер шешей тамақ пісірді* болса - сабақты етістік.

Өзгелік етіс сабақты етістіктен жасалса, сабақты етістік салт етістікке айналмайды: *емді* (*емшегін емді*), *емізді* (*емшегін емізді*). Екеуі де сабақты етістік болып қалады.

**5. Ортақ етіс.** Істі істеуші нақты айтылмай, біреуі емес, бірнеше адам істегенін көрсететін етісті ортақ етіс дейміз. Мысалы: *төгісті, алысты, санасты, күресті, т.б.*

Ортақ етіс етістіктің түбіріне *-с, -ыс, -іс* жұрнақтары қосылу арқылы сабақты етістіктен де, салт етістіктен де жасала береді.

Ортақ етістің мағынасы өзінің субъектісімен бірге келгенде айқындалады. Мысалы: *сен айтыс – айтыс басталады* Сондықтан ортақ етістің жұрнағы зат есім тудыратын (*-ыс, -іс, -с*) жұрнақтарымен омонимдес келетіндігін де ескеру керек.

**Көсемше.** Көсемше – етістіктің негізгі бір түрі. Бұл – етістікті ажыратудағы көрсеткіш. Өйткені көсемшенің жұрнақтары басқа сөз таптарында кездеспейді.

Негізгі қимыл, амалды білдіріп, кейде сол қимыл, амалды айқындап тұратын, жекеше, көпше болып бөлінбейтін және көбінесе күрделі етістіктің құрамында келетін етістіктің түрін көсемше дейміз. Мысалы: *Ол маған хат жаз+ып-ты*. Мұндағы көсемше етістіктің өз қызметінде өткен шақ мағынасында жұмсалып тұр.

*Ол маған хатты асығып жазыпты*. Бұл сөйлемдегі *асығып* көсемшесі *жазыпты* көсемшесін айқындап тұр.

Көсемшенің үш түрі бар:

- 1) *ауыспалы шақтық көсемше;*
- 2) *өткен шақтық көсемше;*
- 3) *келер шақтық көсемше.*

**1. Ауыспалы шақтық көсемше.** Өзі қарасты етістік істің амалын, кейде мезгілін не шартын көрсететін етістіктің түрін ауыспалы шақтық көсемше дейді. Мысалы: *Жазғыра сөйледі. Ер шекіспей бекіспейді* (мақал). Көсемшенің бұл түрі етістіктің бастапқы түріне және етіс түріне **-а, -е, -й** жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: *сал-а, ал-а, ер-е, сөйле-й-сөйле-й, болғыз-а, сөйлет-е*, т.б. Көсемшенің бұл түрі күрделі етістіктің құрамында келгенде жіктелмейді. Мысалы, *оқи бастады* дегенді жіктесек, екеуі екі бөлек жіктелген болар еді.

**2. Өткен шақтық көсемше.** Өткен шақтық көсемше амалды, себепті, кейде мезгілдің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: *бала безірейіп жауап қатпады* (М.И). *Шынтас шешініп жатып қалыпты* (Т.Ахт.). Өткен шақтық көсемше де етістіктің бастапқы түріне және етіс формасына **-ып, -іп, -п** жұрнақтарының қосылуы арқылы жасалады.

**3. Келер шақтық көсемше.** Келер шақтық көсемше негізгі істің мақсат, мезгілінің келер шақта болатындығын білдіреді. Мысалы: *тексергелі келді, серуендегелі келді, бергелі келеді*. Келер шақтық көсемше етістіктің негізгі түріне және етіс формасына **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** жұрнақтарын жалғау арқылы жасалады.

Келер шақтық көсемше *отыр, жатыр, тұр, жүр* етістіктерімен тіркесіп келгенде, ол негізгі етістің міндетін атқарады. Мысалы: *барғалы отыр, барғалы жатыр, орындағалы жүр, келгелі жүр*. Келер шақтық көсемше құрмалас сөйлемнің құрамында келгенде, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып, мезгілді білдіреді. Мысалы: *Ол кеткелі менде маза жоқ.*

*Жамбыл Жамбыл болғалы,*

*Жыр санаға толғалы,*

*Есіткен талай батырды.*

(Жамбыл).

Көсемшенің кейбір формасы сөйлемнің аяғында келіп, жеке жұмсалғанда, жіктеледі. Ондай жағдайда негізгі түбір мен жіктік жалғауларының арасындағы қосымша көсемшенің жұрнағы деп танылады.

Мысалы: *бар-а-мын, кел-е-мін, бар-ып-ты, кел-іп-ті, бар-ған-мын, кел-ген-мін.*

**Есімше.** Етістіктің ерекше бір түрі – есімше. Оның ерекшелігі – екі жақтылығында, яғни әрі есімдер, әрі етістік қызметінде жұмсалатындығында, сонымен бірге есімшенің қызметі де әрқелкі болып келеді. Мысалы: *Ол ертең келер, саған жолығар* дегендегі *келер, жолығар* сөздері өзінің етістік мағынасында жұмсалып тұрса, *Ақыл – тозбайтын тон, таусылмайтын кен* дегендегі *тозбайтын, таусылмайтын* сөздері сын есім мағынасында жұмсалып, зат есімге сындық қызмет көрсетіп тұр. Сондай-ақ, *білмегенің білгендеріңнен үйрен* дегенде, *білмегенің білгендеріңнен* сөздері заттық мағынада жұмсалып, көптік, септік жалғауларын қабылдап түрленіп тұр. Осылай бола тұрса да, яғни зат есімдердей морфологиялық жақтан түрленсе де, сөйлемде есімдердің атқаратын қызметін түгелдей дерлік атқарса да, оның етістік үйірінен шықпайтын қасиеті бар. Ол – оның шақтық мағынасы, жаққа түрленетіндігі.

1. **Есімшенің өткен шақ түрі:** *құраған, құралған, сөккен, сөгілген, терген, терілген,* т.б.

2. **Ауыспалы шақтық есімше:** *келетін, жүретін, сөйлейтін,* т.б.

3. **Келер шақтық есімше:** *алар, санар, жатар, көрінер,* т.б.

Екінші, есімшенің етістікке ұқсауы боллымсыз етістіктің **-ма, -ме, -ба, -бе, -на, -не** жұрнақтары мен **жоқ, емес** сөздерін қосып айтуға келетіндігі. Мысалы: *өнбеген, өндімеген, жатқан жоқ, көрген емес.* Сөйтіп, бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқаратын, есімдерше түрленетін етістіктің түрлерін есімше дейміз.

Есімшенің жасалуының үш түрі бар:

1) **өткен шақтық есімше.** Етістіктің түбіріне немесе етіс түріне – **-қан, -кен, -ған, -ген** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *ашқан, жеткен, жеткізген, жазылған, оқылған,* т.б.

2) **ауыспалы шақтық есімше.** Етістіктің түбіріне алдымен көсемшенің **-а, -е, -й** жұрнақтары жалғанып, бұлардан соң есімшенің **-тын,**

**-тін** жұрнақтарын жалғау арқылы жасалады. Мысалы: *бар-а-тын, сөйле-й-тін, кел-е-тін;*

3) **келер шақтық есімше.** Етістіктің түбіріне **-ар, -ер, -р** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жаз-ар, кел-ер, айт-ар.*

Есімше сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін атқарады. Ол:

1) есімшелер есімдердің алдынан келіп, анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *оқыған адам, келген кісі, ішетін сүт;*

2) есімшелер жіктік жалғауымен келсе, баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *мен алғанмын, сен көргенсің, олар көрер;*

3) есімшелер зат есім мағынасында жұмсалғанда бастауыш, толықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Сен білгеніңді үйрет. Көргенінен көрмегені көп.*

**Тұйық етістік.** Тұйық етістіктер немесе етістік атаулары етістік түбіріне **-у** жұрнағы қосылу арқылы жасалады да, есімдерше тәуелденеді, септеледі, тікелей жіктелмейді, сөйлемде әр түрлі қызмет атқарады. Мысалы:

*I жақ: Менің көруім; Біздің көруіміз.*

*II жақ: Сенің көруің; Сендердің көрулерің.*

*Сіздің көруіңіз; Сіздердің көрулеріңіз.*

*III жақ: Оның көруі; Олардың көрулері.*

Тұйық етістік сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің қызметін атқарады: *Қайталау – оқу анасы. Жастар техника тілін үйренуде. Ер жігіт Отанын қорғауға міндетті* деген сөйлемдерде *қайталау* – бастауыш, *үйренуде* – баяндауыш, *қорғауға* – толықтауыш болып тұр.

Етістіктің басқа түрлеріне айналдыруда **-у** жұрнағы алынып тасталады.

**Етістіктің шақтары.** Қимыл іс-әрекет белгілі бір уақыт кеңістігінің аралығында болады. Мұны етістіктің шағы деп аталатын түрі білдіреді. Қимыл, іс-әрекеттің орындалатынына, орындалуға тиістілігіне, орындалғандығына қарай етістік үш шаққа бөлінеді: **осы шақ; келер шақ; өткен шақ.**

**Осы шақ.** Етістіктің осы шағы қимыл мен іс-әрекеттің дағдылы түрде болып тұратынын және қазіргі кезде орындалып жатқандығын білдіреді. Мысалы: *Мен отырмын, мен жазып отырмын, мен жазамын, мен отырамын.*

Осы шақтың екі түрі бар: **нақ осы шақ, ауыспалы шақ.**

**1. Нақ осы шақ** қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақытта өтіп жатқандығын білдіреді. Ол жалаң да, күрделі де болып келеді.

**а) Жалаң осы шақ** *жатыр, отыр, тұр, жүр* етістіктері жіктік жалғауының I, II жағында келуі арқылы жасалады.

**ә) Күрделі осы шақ** негізгі етістіктің көсемше түріне *отыр, жатыр, тұр, жүр* деген төрт етістік көмекші етістік қызметінде жұмсалады және жіктеледі, ал көсемшелер өзгеріссіз қалады. Мысалы: *оқып отыр – оқып отырмын; бара жатыр – бара жатырсың.*

**2. Ауыспалы осы шақ** істің, процестің, құбылыстың, жаратылыста үзілмей дағдылы түрде болып тұратындығын білдіреді. Мысалы: *құс ұшады, мал төлдейді, су ағады, от жанады.* Қалған жағдайда келер шақта жұмсалады. Мысалы: *келеді, барады, сөйлейді.*

Ауыспалы осы шақ **-а, -е, -й** жұрнақты көсемшелерге жіктік жалғауы қосылу арқылы жасалады. Мысалы: *жаз-а-мын, үз-е-мін, сөйле-й-мін.*

**Келер шақ.** Келер шақ істің сөйлеп тұрған уақыттан кейін істелетіндігін көрсетеді. Мысалы: *Поезд уақытында келер. Ол оқуға бармақ. Мен ертең 7-де тұрамын.* Осындағы *келер, бармақ, тұрамын* етістіктері істің болашақта орындататындығын білдіріп тұр. Келер шақ 1) **болжалды келер шақ**, 2) **мақсатты келер шақ**, 3) **ауыспалы келер шақ** болып үшке бөлінеді.

1. Болашақта істің істелуі белгісіз болса, ол болжалды келер шақ деп аталады. Болжалды келер шақтың көрсеткіштері – **ар, -ер, -р.** Бұлар жіктеледі. Мысалы: *мен кел-ер-мін, қайт-ар-сың, ол отыр-ар.*

2. Істің істелетінін мақсат ете көрсететін етістіктерді мақсатты келер шақ дейді. Мысалы: *келмек, айтпақпын, жазбақпын, сөйлеспекпін, үйренбексіз*, т.б.

Мақсатты келер шақтың көрсеткіштері - *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек*. Бұлар жіктеледі: *мен келмекпін, сен келмексің, ол келмек*.

3. *Ауыспалы келер шақтың* жасалуы келер шақтың жасалуымен бірдей, бірақ мағынасы ыңғайға қарай ажыратылады. Мысалы: *Мен ертең сағат 7-де тұрамын. Сендерге біз екі күннен кейін келеміз. Мұнда тұрамын, келеміз* сөздері келер шақтық мағынады жұмсалып тұр, ал *құс ұшады, ол орысша сөйлейді* дегендегі *ұшады, сөйлейді* дегендер осы шақ мәнінде жұмсалып тұр.

**Өткен шақ.** Қимыл, іс-әрекеттің өткен уақытта болғанын көрсететін етістіктің түрі өткен шақ деп аталады. Мысалы: *Тұрар Мәскеуден келді. Ол Мәскеуден кеше келінті. Осы келді, келінті* сөздері екі түрлі мағына береді. Бірінші сөйлемде айтушы Тұрарды өзі көріп, біле хабарлып тұр, екінші сөйлемде айтушы біреуден естіп, хабарлып отыр.

Сондықтан өз көзімен көріп, жедел хабарлып тұрған етістіктің өткен шағын жедел өткен шақ дейміз де, біреуден естіп барып, содан кейін хабарлап тұрған немесе бұрын көргенін бөгеліп барып хабарлып тұрған етістіктің өткен шағын бұрынғы өткен шақ дейміз. Мына сөйлемдерді салыстырып көрейік: *Мен киноға баратынмын. Сен киноға қашан баратын едің?*

Бірінші сөйлемде іс, оқиға өткен шақтық мағынада болса, екіншіде келер шақтық мағынаны білдіріп тұр. Осындай, бір істің бірнеше рет қайталанып, дағдыға айналуын көрсететін түрі ауыспалы өткен шақ делінеді. Сөйтіп өткен шақ 1) *жедел өткен шақ*, 2) *бұрынғы өткен шақ*, 3) *ауыспалы өткен шақ* болып үшке бөлінеді:

1. **Жедел өткен шақ** етістіктің түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы мен I, II жіктік жалғауы қосылуы арқылы жасалады. Мысалы: *бар-ды-м, бар-ды-ң*, т.б.

2. **Бұрынғы өткен шақтың** үш түрлі тұлғасы бар:

1) бұрынғы өткен шақ есімше тұлғасының **-ған, -ген, -қан, -кен** түріне жіктік жалғауының көрсеткіштері қосылу арқылы жасалады, мысалы: *ал-ған-мын, жап-қан-сың, кел-ген-біз, біл-ген жоқпын, бер-ген емеспіз*, т.б.;

2) бұрынғы өткен шақ **-ып, -іп, -п**, жұрнақты көсемшеге үш жақтың жіктік жалғауы қосылу арқылы жасалады, мысалы: *көр-іп-пін, жаз-ып-сың, тыңда-п-ты*, т.б. Бұлардың болымсыз түрі *жаз-ба-п-пын, іл-ме-п-сің, жаз-ба-п-ты*, т.б.

3) бұрынғы өткен шақтың жоғарыда аталған **-қын, -кен, -ған, -ген, -ып, -іп, -п** жұрнақтары да жіктеліп қолданылады.

3. Көсемшенің **-а, -е, -й** тұлғаларына **-тын, -тін** жұрнақтарын қосып барып жіктеу арқылы ауыспалы өткен шақ түрі жасалады. Мысалы:

- |      |                       |                          |
|------|-----------------------|--------------------------|
| I.   | <i>Бар-а-тын-мын;</i> | <i>бар-а-тын-быз.</i>    |
| II.  | <i>Бар-а-тын-сың;</i> | <i>бар-а-тын-сыңдар.</i> |
|      | <i>Бар-а-тын-сыз;</i> | <i>бар-а-тын-сыздар.</i> |
| III. | <i>Бар-а-тын;</i>     | <i>бар-атын.</i>         |

**Етістіктің райлары.** Қазақ тілінде ең жиі қолданылатын және мағына мен тұлғаға бай категория – етістіктің рай категориясы. Мысалы:

1. **Оқысаңыз, балалар,**  
*Шамнан шырақ жағылар* (Ы.А.).
2. **Жасымда ғылым бар деп ескермедім,**  
*Пайдасын көре тұра тексермедім* (Абай).

3. **Біз наурыз мерекесіне дайындалып жатырмыз.**

Қарамен жазылған сөздердің түбірлері (*оқы, жақ, ескер, тексер, дайындал, жат*) – етістіктердің негізгі түбірлері. Бұлар бұйрық райдың екінші жағында тұр және түрлі қосымшалармен түрленіп, осы шақ, келер шақ, өткен шақ тұлғаларында келген.

Осындай етістіктің жаққа, шаққа, т.б. түрленуін етістіктің райы дейміз. Етістіктің төрт түрлі райы бар.

**1. Ашық рай.** Осы шақ, келер шақ, өткен шақ мағыналарының сөйлемде анық көрінуі ашық рай деп аталы. Мысалы: *жазамын, жазасың, жазып отырымын, келерсің, боларсыз, келіп жүрмек*, т.б.

**2. Бұйрық рай.** Істің бұйыру мағынасын білдіретін етістіктің түрі бұйрық рай деп аталады. Мысалы: *(Сен) оқы, кел, тұр, бар, айт. (Сендер) оқыңдар, келіңдер, тұрыңдар. (Сіздер) оқыңыздар, келіңіздер, тұрыңыздар. (Ол, олар) оқысын, келсін, тұрсын*, т.б.

Осындағы етістіктің II-жақ жекеше түрі етістіктің негізгі түбіріне сәйкес келеді. Мысалы: *оқы, кел, тұр, бар, айт*.

Етістіктің етіс тұлғасы да бұйрық райлы туынды етістік болып есептеледі. Мысалы: *жаз-дыр, кел-тір, тұр-ғыз, кір-гіз, жат-қыз, бар-ғыз, айт-тыр*, т.б.

II жақта бұйрық райдың анайы, сыпайы түрі және әрқайсысының жекеше, көпше түрі бар.

Етістіктің түбіріне немесе етіске **-ң, -ың, -ің** жұрнағы, содан кейін көптік жалғауы жалғану арқылы бұйрық райдың екінші жағы жасалады. Мысалы: *бар-ың-дар, отыр-ың-дар, әңгімелес-ің-дер*.

Етістік пен етістің түбіріне **-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз** жұрнағы қосылып, бұйрық райдың сыпайы түрі жасалады. Мысалы: *қара-ңыз, кел-іңіз, сөйлес-іңіз, есептес-іңіз*, т.б. Осыларға көптік жалғауы қосылып, бұйрық райдың сыпайы көпше түрі жасалады. Мысалы: *алыңыздар, келіңіздер, жүріңіздер*, т.б.

Етістік пен етістің түбіріне **-сын, -сін** жалғаулары жалғанып, бұйрық райдың III жағының жекеше, көпше түрі жасалады.

Бұйрық райдан соң **-шы, -ші** жұрнағы қосылып, тілек, өкініш мәнін білдіреді.

Етістік түбіріне **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары жалғанып, бұйрық райдың болымсыз түрін білдіреді. Мысалы: *айт-па, сөйле-ме, жаз-ба*, т.б.

**3. Шартты рай.** Іс-әрекеттің істелу, болу мүмкіндігін білдіретін етістіктің түрі шартты рай деп аталады. Мысалы: *Ол келсе, киноға барар едік.* Киноға барудың іске асуына, оның келуі шарт болып тұр. *Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей* (Абай). Мұнда қарынның тоюының шарты – еңбек ету.

Шарты рай етістіктің түбірі мен етіс түбіріне **-са, -се** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Бұл жұрнақтардан кейін I, II жақтың жіктік жалғауының жекеше, көпше түрлері жалғанады. III жақта жіктік жалғауы болмайды: *сөйле-се-м, айт-саң, сөйле-се.*

Бұлардан шартты райдың болымсыз түрлері де жасалады. Мысалы: *біл-ме-се-м, біл-ме-сек,* т.б. болымсыз етістіктің жұрнақтары мұнда да етістіктің түбіріне жалғанады.

**4. Қалау рай.** Іс-әрекетті орындаушы адамның талабын, ынтасын білдіріп, қалау мағынасында айтылатын етістіктің түрін қалау рай деп атайды.

а) Қалау рай етістік пен етістің түбіріне **-қы, -кі, -ғы, -гі** жұрнағы мен тәуелдік жалғауын жалғап, одан кейін *кел* етістігі тіркесіп келу арқылы жасалады. Мысалы: *білгім келеді, айтқым келеді, санағым келеді, сөйлескім келді, кеткіміз келді.*

Қалау райының болымсыз түрі *кел* етістігіне **-ме** болымсыз жұрнағының қосылуы арқылы жасалады: *жазғым кел-ме-ді, сөйлескіміз кел-ме-й-ді, алғымыз кел-ме-ді, алғым кел-ме-с еді, алғым кел-ме-ген екен,* т.б.

Қалау рай шартты райлы етістікке *игі* деген сөз бен жіктелген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *сөйлесе игі еді, барса игі етті, таныса игі еді, ұмытпаса игі еді.*

#### **IV. Қорытынды**

Қорыта айтқанда, тілдердің даму барысында қимыл есімдері фонетикалық, грамматикалық және семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Тіл құрамындағы функциялық жіктеліс қимыл есімдеріне әсер етпей қоймайды. Сондай ішкі даму ерекшеліктеріне байланысты қимыл есімдері пішіндік өзгерістермен қатар грамматикалық өзгерістерге ұшырады. Нәтижеде кейбір тілдер құрамында жеке қимыл есімдердің белгілі бір грамматикалық семантикада, қолданысында орнығуын айту керек. Ондай тұлғалардың жалпы түркілік құбылыс екендігі тек салыстыру арқылы ғана айқындалады.

П.М.Мелиоранский өзінің Күлтегін ескеркішін мұқият зерттеуге арналған белгілі еңбегінде «...көне дәуірлердегі түркі тілдерінде түбірлердің етістіктер мен есімдерге жіктелуі қазіргідей қатаң жүйе болмаса керек» деп жазғаны белгілі. Белгілі ғалымның бұл ескертпесі түркі тілдері тарихының аса бір үлкен проблемасын аңғартады. Шынында, есімдер мен етістіктер мәндерінің бір сипатты түбірлер мен негіздер арқылы немесе омонимдер арқылы берілуін қалай деп түсінуге болады, есім де, етістік те болып ұғынылатын түбірлер мен негіздер тілдің ежелгі сипаты болған ба, әлде кейін қалыптасқан құбылыс па? дейтін сұрақтарға жауап беру тілдің қазіргі жағдайын еркін түсіндірумен қатар, оның тарихын да түсінудің басты шарттарының бірі болып табылады. Жалпы етістіктердің шығуы, қалыптасуы жайлы мәселенің басқа тілдерге де қатысы бар. Тіл дамуының ежелгі дәуірінде сөздер етістік, есім болып жіктелмей, бір сөз әрі етістік, әрі есім болып ұғынылған. Бұл тұжырым тіл білімінде үлкен бағдарға негіз болмаса да, есімдер мен етістіктердің шығуы туралы тарихи морфологиялық түсініктердің пайда болуына түрткі жасады.

Орта мектепте етістікті оқыту жайлы айтылғандарды жинақтай келе, бұған төмендегіше қорытынды жасауға болады:

1. Етістік туралы теориялық білім мен практикалық дағды бергенде лексикологияның мынадай өзіндік белгілерін оқушыларға таныту қажет.

Морфологиялық құрылымы жағынан етістіктер жалаң етістіктер және күрделі етістіктер деп аталатын екі асалаға бөлінеді.

2. Оқу бағдарламасы бойынша, етістікке бөлінген сағатты лексиканың тармақтарына және одан ұйымдастырылған сабақ түрлеріне қарай жоспарлайды. Ол жоспарды мектептердегі алдыңғы қатарлы озат мұғалімдердің тәжірибелеріне негізделіп жасалады да, ондағы әрбір сабақты творчестволық тұрғыда өткізу қажет.

3. Тақырыпты түсіндіруден алдын сабақтың тақырыпқа сай мақсаты, тірек сөздер мен сұрақтар мен тапсырмалар ұғымдары анықталып, оның мақсаттары да белгіленеді. Бақылау тапсырмалары анықталып, оның негізгі білімді анықтау дәрежесі көрсетіледі.

4. Етістіктің анықтамасын меңгерту. “Етістік деп қимыл-әрекетті, қалып пен күйді білдіретін етіс, рай, шақ, жақ, сан, болымсыздық категорияларын арнайы морфологиялық тұлғалар жүйесі арқылы білдіре алатын сөз табы аталады ”

5. Етістікті оқытуда алдымен дидактикалық материалдар таңдалып, соларға байланысты білім беру әдістері қолданылады. Өзіндік белгілеріне негізделе отырып анықтама беріледі. Содан соң осы тақырыпқа байланысты түрлі жаттығу жұмыстарын орындату қажет.

6. Жаттығу жұмыстары, тест сұраулары, сөзжұмбақ, кестелер бойынша фразеологизмді оқыту, оның лексикологияның бір саласы ретіндегі ерекшелітерін қайталап еске түсіру, оның түрлерін ажыраттыру.

Мұғалім лексикологияның мұндай белгілерін көрнекі құралмен оқушылардың өздеріне талдап айтқызу және дәлелдеттіру арқылы жүзеге асырады.

7. Жаңа педагогикалық технологияға негізделген сабақ оқушылардың білім дәрежесін, үлгерімін жақсартып, дағдыларын қалыптастырады.

Бітіру мамандық жұмысы оның тілдік материалдары, оқыту мәселелері, жаңа педагогикалық технологиядан пайдалану жолдары т.с.с. мәселелер жоғары оқу орындарының “қазақ тілі мен әдебиеті” бөлімі студенттері мен

мектеп мұғалімдеріне әдістемелік нұсқау қызметін, жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге курс жұмысы орындауда көмекші құрал қызметін атқарады деп сенеміз.